СЕЙСЕНБІ
№53 (4301)
16.05.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ХАЛЫҚТЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында экология және су қауіпсіздігі мәселелері қарастырылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ бірқатар мемлекеттік орган басшылары мен өңір әкімдері жекелеген мәселелер бойынша есеп берді.

Президент отырыс барысында экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін табиғи және антропогендік факторларға қарсы күрес аса маңызды екенін атап өтті.

– Соңғы жылдары көптеген елдің үкіметтерінің белсенділігі артты. Экологияны жақсарту, «жасыл» экономикаға көшу және көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізу үшін батыл шешімдер қабылданып жатыр. Ұрпағымыздың дені сау болып, ауасы таза елде өмір сүргіміз келсе және мемлекетімізді бүкіл әлем мойындағанын қаласақ, біз олардан үлгі алуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы экология саласында шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін проблемаларға баса назар аударды.

– Кеңес кезеңінен келе жатқан көптеген өндіріс орны, көмір жағатын электр станциялары мен қазандықтар экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соқтырды, – деді Президент.

Бұдан бөлек, жиында қоршаған ортаны қорғауға үлкен жауапкершілікпен қарау жөнінде бірқатар мәселе көтерілді.

Президент облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар басшыларының назарын рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және қоқыс өңдеу көрсеткіштерінің төмен екеніне аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыру нәтижесінде Үкіметке ұлттық экологиялық стандарттарды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, өндіріс орындарының зиянды шығарындыларын азайту, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және эрозияға ұшыраған жерлерді қайта қалпына келтіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Қарағанды облысы Шет ауданындағы егістік алқаптарын қалпына келтіріп, мал шаруашылығын дамытуға қатысты пилоттық жобаның жүзеге асырылу тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде қолдану мақсатында жан-жақты зерттеуге тапсырма берілді.

Жиын барысында су қауіпсіздігі саласындағы қауіп-қатер деңгейінің артып келе жатқаны атап өтілді.

Мемлекет басшысы экономиканың барлық саласында, әсіресе агроөнеркәсіп кешенінде суды үнемді пайдалану және су шығынын азайту үшін жүйелі тәсілдер қажет екеніне тоқталды. Себебі тоғандардың және су ресурстары шығынының негізгі бөлігі осы ауыл шаруашылығы саласына тиесілі.

Су үнемдейтін технологияны енгізу және суды тиімді тұтынуды экономикалық тұрғыда ынталандыру шараларын дамытумен қатар, су шаруашылығы инфрақұрылымын, атап айтқанда, суды пайдалану мөлшерін есептеу, мониторинг жүргізу және болжам жасау ісін цифрландырудың өзектілігі артып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы нысандары жұмысының тиімділігін және бөлінетін қаржыны жұмсаудың ашықтығы мен нәтижелілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Президент Үкіметке экология мен су салаларындағы ғылыми және кадрлық әлеуетті күшейту үшін шаралар қабылдауды тапсырды. 2030 жылға дейін кезеңде су ресурстарын бағалау саласында мақсатты ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылады. Оның нәтижесі су саласын басқаруда ескеріледі.

Мемлекет басшысы күн тәртібіндегі екінші мәселені талқылау нәтижесінде сапалы ауызсудың қолжетімді болуы су қауіпсіздігінің басты көрсеткіші екенін атап өтті.

– Халықты ауызсумен қамтамасыз ету және су қорын келешек ұрпаққа сақтау үшін жан-жақты шаралар қабылдау – біздің тікелей міндетіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында уәкілетті мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды бағыты саналатын су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берілді.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды Түркиядағы президент сайлауының бірінші кезеңінде жеңіске жетуімен құттықтады.

Президент сондай-ақ парламенттік сайлауда Әділет және даму партиясы бастаған республикалық альянстың жеткен жетістігін атап өтті.

Сонымен қатар Қазақстан мен Түркия президенттері бауырлас екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мәселелерін талқылады.

ЖАРЛЫҚ

А.Ж. Құрманбековті III дәрежелі «Айбын» орденімен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қызметтік борышын атқаруда көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін Төтенше жағдайлар министрлігінің Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 7 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Арслан Жолдасбекұлы Құрманбеков III дәрежелі «Айбын» орденімен наградталсын (марқұм).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

СИАНЬ САПАРЫ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН СЫЙЛАЙДЫ

Жаһанда экономикалық, әскери және саяси қос супергигант бар. Әлемдік архитектоникадағы іргелі өзгерістер де соларға байланысты. Әңгіме әрине, АҚШ пен Қытай жайында. Бүгінде Шың елі дүниежүзілік саясаттағы орнын бекемдеп жатыр. ҚХР бейбіт дамуға оралуы үшін Киев пен Мәскеуді бітістіруге білек сыбана кірісті. Бейжің сондай-ақ Ауғанстанды «Белдеу мен жол» бастамасына қосу жөнінде тәліптермен келісті. Қазақстан болса, Батыс пен Шығыстың қос алыбымен ынтымақтастығын өрістету үстінде.

Бұл ретте Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың 17-19 мамырдағы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары және «Орталық Азия + Қытай» (C+C5) саммитіне қатысуы халықаралық қоғамдастықтың үлкен қызығушылығын туғызып отыр. Себебі сарапшылардың байламынша, Астана бүкіл аймақтың көшбасшысы саналады, ал оның Президенті Қ.Тоқаев Орталық Азиядағы геосаясат пен геоэкономиканың тренд-үрдістерін қалыптастырады.

Басқаны айтпағанның өзінде, егер Қазақстан басшылығының табанының бүрі болмай, тайғанақтай жөнелгенде, яғни Беларусь сияқты ТМД кеңістігіндегі ең ірі соғыста Ресейдің ығына жығылып, дегеніне көніп, қаруымен көмектескенде, еліміз алапат санкциялардың астында қалатын еді. Мұның зардабын бүкіл Орталық Азия (ОА), тіпті Қытай тартатын еді. Себебі ҚХР-дың әлеммен тауар айналымының үлкен бөлігі Қазақстан арқылы өтеді.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚАЗАҚ ОСЫ – ҚАРАСЫҢ БА, АҚСЫҢ БА...

Еліміздің этносаралық қатынас саясатында Қадыр Мырза Әлі ағамыздың «Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба, қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін» деген өлең жолдары расқа айналатын түрі бар. Өйткені таяуда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясынан кейін өзге ұлт өкілдерінің төлқұжатындағы «ұлты» деген жеріне «қазақ» деп жазу керек деген ұсыныс қайта қозғалды.

5 ▸▸

ЖЕР ДАУЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

4 БЕТ

Жайылым жерінің жетіспеушілігі, субсидия алудағы қиындықтар, тексерістің көптігі, бал сатудағы түйткілдер – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер кезігіп отырған мәселе аз емес. Солтүстікқазақстандық кәсіпкерлер мемлекеттік органдардан осы мәселелерді шешіп беруін сұрайды.

ЧЕМПИОНДАР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

8 БЕТ

Кеше Астанада Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайына Қазақстан ұлттық құрамасының боксшылары Өзбекстаннан ұшып келді. Әлем біріншілігінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, БАҚ өкілдері және жанкүйерлері ыстық ықыласпен қарсы алды.

АТЫРАУДА КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС ӨТЕДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата Бюросының отырысында 18 мамыр күні болатын жалпы отырыстың күн тәртібі бекітілді.

Алдағы Сенат отырысында депутаттар «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл құжат Еуразиялық экономикалық одақ аясында несие тарихы жөніндегі мәліметтерді трансшекаралық алмасу үшін жағдай жасауды көздейді.

Палата отырысында «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң да қаралады. Келісім бірлескен немесе ұжымдық жобаларды іске асыру және ғылыми зерттеулердің деректері мен нәтижелерін кеңінен тарату арқылы Институтқа мүше елдердің ғылыми зерттеулері мен өзара іс-қимылының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар Бюро отырысында Сенаттың осы аптаға арналған іс-шаралар жоспары талқыланды. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берілген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде азаматтардың білікті заң көмегіне конституциялық құқығы: жай-күйі мен болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу мәселесі сөз болды.

Одан бөлек, сенаторлар осы аптада Атырау облысында VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы жүктеген міндеттер аясында өңдеуші өнеркәсіпті экономиканың негізгі саласы ретінде дамыту мәселелері жөнінде көшпелі отырыс өткізеді.

«Өңдеу өнеркәсібін дамыту – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсаттардың бірі. Президент атап өткендей, Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр. Бұл ретте пайдалы қазбаны қайта өңдеп, ішкі және әлемдік нарықта сұранысқа ие, құны жоғары сапалы өнім етіп шығарудың маңызы зор. Бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін инновация мен озық технологияларға ерекше көңіл бөлген жөн. Көшпелі отырыс кезінде сенаторлар осы мәселені оң шешуге арналған құқықтық база қалыптастыруға ықпал ететін ұсыныстар әзірлейді деп сенемін», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ отырыста Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің жұмысы талқыланды және Мәжілістен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

ШАҺАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАУЫП КЕЛЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елді мекендердің тұрғындарымен кездесіп, алда атқарылуы тиіс мәселелерді бірлесіп шешу қажеттігін жеткізді. Жұрттың талап-тілегі ең бірінші орында екенін айтқан ол мұндай кездесулердің қала өмірін жандандыруда маңызды екенін алға тартты.

Шаһар басшысымен кездесуде тұрғындарды қоғамдық көлік, сумен жабдықтау, электр энергиясы, тозығы жеткен ескі үйлер мен тұрғын үй кешендеріндегі жеделсатылардың жағдайы туралы сұрады. Сондай-ақ Интернациональный, Күйгенжар, Мичурино елді мекендерінің тұрғындарын инженерлік желілер, әлеуметтік нысандар, жолдар салу, жарықтандыру жүргізу ісі және тағы да басқа негізгі мәселелер толғандырады екен.

«Біз тұрған жерде 2011 жылдан бастап трассаның барлығын өткізіп, автобус жүргізіп қойды. Басты көшеге кәріз желісін әкеліп берді. Басқа жұмыстар жақсы жүріп жатыр. Бірақ Көксайдағы біздің көшеде кәріз жоқ», – дейді қала тұрғыны.

Әкімдіктің мәліметінше, 2011-2012 жылдары Көксай, Мереке, Нұрлыжол көшелеріне кәріз салынған. Алайда магистральды желілер жоқ болғандықтан қалаға қосылмаған. Биыл Мереке көшесінің бас жағына кәріз салынып, сол арқылы Көксай көшесі де желіге қосылады.

«Биыл сүзгілі сору стансасы іске қосылады. Алдымен шілде айында, толығымен тамызда беріледі. Сондықтан бұл мәселелер толығымен қала бойынша шешіледі. Сіздер де сол стансаға қосылатын боласыз», – деді Жеңіс Қасымбек.

Қоғамдық көлік мәселесі туралы айтқан тағы бір қала тұрғыны «Автобустардың аздығынан үйге кешкі сағат онда шаршап-шалдығып әрең жетеміз» деп отыр.

Қала әкімінің айтуынша, биыл автобус тапшылығын азайту үшін қалаға 400-500 қоғамдық көлік алынбақ. Қоғамдық көлік паркі жаңа автобустармен шілде айынан бастап толыға бастайды.

Сондай-ақ тұрғындар 90 жылдан бері тұрған ескі үйлерді сүріп, орнына халық қажеттілігіне арналған орындарды салу, тұрғын үй кезегі, жеделсатылардың жай-күйі мен халық серуендейтін орындардағы орындықтарды көбейту туралы ұсыныс-сауалдарын жеткізді. Тұрғындардың талабын тыңдаған қала әкімі тұрғын үй кезегінде қазір 50 мың отбасы тұрғанын тілге тиек етті. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі, толық емес, көпбалалы отбасылар мен жетім балалардың өз кезегі бар. Олардың барлығына өз тобына қарай жыл сайын пәтер кілті табыс етілуде. Биыл да баспана кезегінде тұрған 6 мың отбасы өз пәтеріне қол жеткізуі мүмкін.

«Расында, үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Кемшіліктер де жоқ емес. Сол кемшіліктер бойынша нақты шешімдерді қабылдап, халықпен бірге жұмыс істейтін боламыз. Алға қойылған міндеттер мен жаңа берілген уәделер бойынша жыл соңына дейін 2-3 рет келіп, өздеріңізге нақты есепті беремін», – деген шаһар басшысы жазда қосымша ауызсу стансасын іске қосу жоспарланып отырғанын айтты. Бұл өз кезегінде бүкіл қала бойынша су мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Сондай-ақ қалаға жылумен, электрмен жабдықтауда қосымша күш беретін тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері нысандарының бірқатарының құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар салынып жатқан 14 мектептің 11-і биыл қолданысқа берілсе, 6 мыңға жуық әлеуметтік пәтер тапсыруды мақсат етіп отырмыз. Сондай-ақ қалаға 400-500 автобус жеткіземіз, екі жыл ішінде инвесторлар есебінен 40-қа жуық балабақша салынады. Кездесуде тұрғындар көтерген мәселелер шешіледі. Біз оларды кезең-кезеңімен іске асырамыз», – деді қала әкімі.

Ж.АСҚАРБЕК

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжіліс отырысы өтіп, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Түзетулер арнайы мемлекеттік органдарда қызмет ету мәселелерін де реттейді. Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспанның айтуынша, 2 кодекс пен 11 заңға түзетулер енгізіледі.

«Заң жобасы қорғаныс-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын, оларды жекешелендірілген күннің өзінде, стратегиялық объектілер қатарына жатқызуды, сондай-ақ қорғаныс және қауіпсіздік мұқтажы үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауды көздейді. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтік тәртіп үшін жауапкершілікті тек жекедара бірінші басшыларға ғана емес, барша бөлімше басшысына жүктеу ұсынылады», – деді А.Құспан.

Сондай-ақ Мәжіліс Үкімет пен Жоғарғы аудиторлық палатаның 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін және жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар – онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама туралы түзетулер мен Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы ратификациялық келісім.

Сонымен қатар ақылы көлік тұрақтарын қадағалайтын мемлекеттік операторды құру мүмкіндігін қарастыру туралы Мәжіліс депутаты Самат Нұртаза Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Склярдың атына сауал жолдады.

«Қазіргі кезде еліміздің ірі қалаларында ақылы көлік тұрақтары қаптап кетті. Бастапқыда аталған көлік тұрақтары көшелердегі көлік ретсіздігін шешуге бағытталғанымен, түптеп келгенде мәселе шешілмеді, керісінше әлеуметтік наразылыққа негіз болар сұрақтар бар. Біріншіден, автотұрақтарды орналастыру мәселесіне тоқталсам, іс жүзінде мегаполистердегі бұл нарықты бірнеше оператор монополияландырып алған. Олар алғашында адам көп баратын орталық және іскерлік аудандарда ақылы тұрақтарды аша бастады. Алайда 2021 жылы тек Астана қаласында ақылы тұрақтар саны 20 есеге артқан. Ақылы автотұрақтарға коммерциялық орталықтар, қоғамдық орындар, сондай-ақ құрылыс нормалары мен қағидаларды бұза отырып, әлеуметтік объектілерге келетіндерге арналған жерлер берілді. Тұрғындары тиісті кондоминиум рәсімдеп үлгермеген тұрғын алаптары мен аудандарда да ақылы тұрақтар пайда бола бастады», – деді С. Нұртаза.

Осы айтылған жағдайға қатысты ақылы автотұрақтарды көлік ең көп жиналатын жерлерде ғана қалдырып, олардың санын қайта қарап, қысқарту ұсынылды.

«Ақылы көлік тұрақтарын қадағалайтын мемлекеттік операторды құру мүмкіндігін қарастыру немесе мемлекет пен жекеменшік сектордың серіктестігі туралы шарттардың талаптарын қайта қарап, жекеменшік серіктестерге берілген аумақтарды күтіп ұстау қызметін жүктеу өзекті. Жеке адамдар мен ақылы автотұрақтардың жекеменшік операторы арасындағы шарт талаптарын бұзғаны үшін айыппұл өндіру рәсіміне құқықтық баға берілуін сұраймыз», – деді С. Нұртаза.

Ал Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек жер саласындағы сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа тәсілдерін енгізуді ұсынды.

«Жер реформасын бастау және негізгі бағыты ретінде жер саласындағы олигополиядан шынайы арылу керек. Жер саласындағы монополиялардың қалыптасуына құқықтық жолмен тойтарыс беруіміз қажет. Ауыл шаруашылығы жерлеріне заңсыз ие болғандар оны игермей, дереу сатуға, не банкке кепілге қоюға тырысатын. Екі ортада сыбайлас жемқорлықтан қарапайым халық және мемлекеттің мүддесі зардап шегеді. Сондықтан, алдағы уақытта жер саласында халық үшін түбегейлі реформа қажет. Реформаның негізгі мақсаты халықтың жер қатынастарында құқықтарын күшейту және мемлекеттік қорғау болу керек», – деді Б. Базарбек Мәжілістің жалпы отырысында Премьер-Министрдің орынбасары - Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің атына жолдаған сауалында.

Оның пайымынша, жер кадастрының және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер иелері атыжөндерінің ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Мыңдаған гектар жердің иелерін жариялау керек.

«Екіншіден, жерге бақылау жасайтын мемлекеттік орган әкімге де, ауыл шаруашылығы министрлігіне де бағынбайтын, Үкімет құрамына кіретін дербес орган – жер ресурстарын басқару агенттігін құру маңызды. Үшіншіден, мемлекеттік жер кадастрын бір қолға, яғни цифрлық даму министрлігінен жер ресурстарын басқару агенттігіне беру қажет», – деді депутат.

БҚО-да БИЗНЕСТЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ 50 ПАЙЫЗДАН АСҚАН

Оралдағы «Атамекен» өнер ордасында Халықаралық отбасы күніне арналған «Еңбегі жанған арулар» атты іскер әйелдер форумы өз жұмысын бастады.

Форумға Батыс Қазақстан облысы әкімі Нариман Төреғалиев пен Іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаева, белгілі ақын Ақуштап Бақтыгереева, Әйелдер және отбасы-демографиялық саясат бойынша Президент жанындағы ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Елена Тарасенко қатысуда.

– Баршаңызды халықаралық отбасы күнімен құттықтаймын. Мемлекеттің басты саясаты отбасы құндылығын, ана саулығы мен бала амандығын нығайтуға бағытталып отыр. Бұл күн – ерекше мереке. Біздің елімізде кәсіпкерлік кең көлемде дамып келеді. Соның ішінде әйелдердің бизнестегі санын көбейту бағытында да жұмыстар атқарылуда. Облыс бойынша бизнестегі қыз-келіншектердің саны 50 пайыздан асып отыр. Облыстағы сән салондары мен тігін цехтарын айтпағанда кейбір ірі кәсіпорындар мен жеке балабақшалардың жұмысын әйелдер жүргізіп отыр. Сіздер тазалық пен мейірімнің үлгісі болып қала бересіздер. Әр бастамаларыңызға сәттілік тілеймін, – деді форумда сөйлеген облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Форумға облыстағы ірі кәсіпкерлік нысандарының жетекшілерімен қатар кәсібін енді бастаған жас кәсіпкер қыз-келіншектер де қатысты.

«Іскер әйелдер қауымдастығының мақсаты – жұмыс жүргізе білетін, көшбасшы, іскер әйелдерді көрсету, таныту, біріктіру. Бүгінде республика бойынша 5 мыңнан астам әйел қауымдастықпен жұмыс істеп отыр. Еңбек ете білу, оның нәтижесімен бөлісу біздің әйелдердің қолынан келеді. Біз жастарды оқытып, үйретіп бір отбасыдай еңбек етіп келеміз», – деді Раушан Сейсембаева.

Форумға көршілес Атырау, Ақтау және Алматыдан кәсіпкер әйелдер келді.

«Бизнес әлемінде әйелдерге қолдау өте қажет. Әсіресе, отбасының қолдауы аса маңызды. Бізде әйелдер отбасылы болғандықтан кейде қиындыққа тап болып жатады. Күндіз-түні жұмыс дегенді түсініп, қолдау білдіретін отбасы тірек бола білу керек. Әйелдердің бизнес әлемінде жетістікке жетуі үшін жақсы орта керек. «Жеңілме, берілме, алға» деп отыратын кәсіпкер құрбылары көп болу керек. Бизнесте әйелдер бір-біріне бәсекелес емес, қолдаушы бола білсе жетістік те көп болады», – дейді Жұлдыз Кивашева.

Оның өз би студиясы бар. Ол жерде 3-5 жастағы балалар жаттығады.

Форум мерекелік кешке ұласты.

А. ХАСАН

AMANAT CUP-тың ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«AMANAT CUP» XXI республикалық пікірсайыс додасының жеңімпаздары анықталды. Алматыда өткен турнирге 60 команда қатысты.

Екі күнге созылған қызықты тартыстың жабылу салтанатына «AMANAT» партиясының Хатшысы Дәулет Кәрібек, «Жастар Рухы» ЖҚ төрағасы Нұржан Жетпісбаев, партияның Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері, жас көшбасшылар мен спортшылар, «Жастар Рухы» жастар қанатының аймақтық филиалдарының төрағалары және замандастарын қолдауға келген пікірсайысшы жастар қатысты.

Жеңімпаздарды марапаттап, құттықтау сөз сөйлеген партия Хатшысы Дәулет Кәрібек «AMANAT CUP» алаңының жастардың тұлға ретінде қалыптасуындағы маңызына тоқталды.

«Бүгінгі ойын барысы қандай болса да, ең алдымен сіздер бірбіріңізбен ой бөлісетін жақсы дос, мықты әріптес таба алдыңыздар деп ойлаймын. Алдағы уақытта мұның барлығы сіздерге өз жемісін беріп, тұлғалық дамуыңызға әсерін тигізеді. Бүгін жеңіске жеткен командаларды құттықтаймын. Ал жеңіс тұғырынан көріне алмағандар тағы да шыныққып, келесі жолы өз ұтқырлығын дәлелдейді деп сенемін», – деді партия Хатшысы.

Іс-шара барысында пікірсайыс турнирлерінің бірнеше дүркін жеңімпазы, «AMANAT» партиясы Саяси жұмыс департаментінің консультанты, бейбіт күннің батыры атанған Бекарыстан Аманжолов қатысушыларға ыстық лебізін білдірді. Ол жақында ғана «бауыр церрозы» дертіне шалдыққан досының 4 айлық қызына донор болып, бүлдіршінге көмек көрсеткен еді.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев та ауқымды турнирдің аяқталуымен құттықтады.

«Жастар қанаты үнемі жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, өз мүмкіндігін толыққанды пайдалануына қолдау көрсетіп келеді. Зияткер ұлт пен қоғамды қалыптастыруда пікірсайыс турнирін ғана емес, осы қозғалысты бағыттауға арналған кешенді іс-шараларды ұйымдастырып жатырмыз. Бүгін нағыз азаматтардың кәсіби ойынына куә болдық. Саяси-әлеуметтік мәселелер ашық қозғалды. Шын мықтыны анықтаған турнир болды», – деді ол.

Пікірсайыс ойындарының нәтижесі бойынша қазақ лигасының «AMANAT CUP» XXI республикалық турнирдің кубогын Қызылорда облысынан келген Amanatka kyanat jasama фракциясы (Абылайхан Палмағанбет, Дәулет Естанов) жеңіп алды. Күміс жүлдені алматылық «Дулат» командасы (Жазира Жөндербек, Нұрдаулет Өмірзақ) иеленсе, қола жүлде Алматы облысының «Ади Шарипов» (Ерғали Инкаров, Асет Оразғали) ұжымына бұйырды.

Орыс лигасында I орынды – Алматы қаласынан келген «не Қағанат, но тоже дешёво» (Мадина Раилова, Әділбек Рамазанов) командасы, II орынды «Диана и Ғалымжан» ұжымы (Диана Жұмағұлова, Ғалымжан Мақашев) иеленді. Жүлделі III орын «Карфаген должен быть разрушен» (Рүстем Арманов, Азат Шайкенов) командасына бұйырды.

Сонымен қатар «Ең үздік спикер» номинациясы мен оның арнайы сыйлығын қазақ лигасынан Маңғыстаудан келген Қалдығали Тұрақбай, орыс лигасынан алматылық Артем Посвеженский жеңіп алды. Қазақ және орыс лигасы бойынша «Үздік спикер» аталымын Әлібек Сандыбек және Әділбек Рамазанов иеленді. Ал ойында әділдік көрсетіп көзге түскен Арайлым Әбдукәрімова мен Жақсылық Бекхан «Үздік төреші» номинациясын алды.

Жеңімпаз атанған Amanatka kyanat jasama фракциясының мүшесі Абылайхан Палмағанбет екі күндік ойын оңай түспегенін айтты.

«AMANAT CUP» XXI республикалық турнирі пікірсайыс ойындары арасындағы «Чемпиондар лигасы» деп айтсам қателеспеймін. Биылғы турнирдің ерекшелігі мен жаңашылдығы көп болды. 35 жасқа дейінгі аға буын өкілдерімен, дебаттың майын тамызатын ойыншылармен бас қостық. Ең бастысы, сөз бостандығына, жастардың өз ой-пікірін ашық жеткізуге мүмкіндік берілді. Жақсы ойын, қызықты пікірсайысты жоғары деңгейде ұйымдастырған «AMANAT» партиясы мен «Жастар Рухы» жастар қанатына алғыс білдіреміз», – деді жеңімпаз.

Айта кетейік, екінші жыл қатарынан өткізіліп жатқан дебат турнирі Ислам ынтымақтастығы ұйымы Жастар форумының Еуразиялық өңірлік орталығымен бірлесіп өткізілді.

ШАРУАЛАРДЫҢ АЙТАР УӘЖІ БАР

«AMANAT»-тың Орталық аппараты Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Айжан Ысқақова Ақтөбе облысының Қарғалы, Мәртөк, Ырғыз аудандарындағы шаруа қожалықтарын аралап, ондағы жағдаймен танысты.

Бүгінде ақтөбелік шаруалардың мәселесі шаш етектен. Алайда құзырлы органдар олардың жанайқайына құлақ аспай отыр. Мұндағы шаруалардың басым көпшілігі мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауға сүйенеді. Осы орайда олар жемшөпке берілетін субсидияны тоқтатпауды, субсидия беру кезінде талап етілетін құжаттар санын азайтуды, көрсетілетін қызметтер тізімін жаңартуды, фермерлерді заң жүзінде қорғауды сұрады. Бұған қоса, ауыл шаруашылығына берілетін жеңілдетілген несие шарттарын өзгертуді талап етті.

«Субсидияны жылда алып жатырмыз. Оның пайдасы ұшан-теңіз. Алайда биылдан бастап жемшөпке берілетін субсидия тоқтатылады деп естідік. Онда жағдайымыз қиындайды. Тағы бір айтарым, техника алуға өтінім берілгеннен кейін қаражат аудару мәселесі тым ұзаққа созылып кетеді. Үш ай, кейде тіпті жарты жыл күтеміз. Соған көңіл аударылса жөн болар еді», – деді Ырғыз ауданындағы «Кең Дала» ШҚ басшысы Ғибрат Тапақов.

Сонымен қатар ол қымбатшылық қос бүйірден қысып тұрған тұста шаруаларға берілетін несиенің пайызы артып отырғанын айтты. Ірі-қара өсірілетін шаруа қожалығының басшысы қазір 22 пайызбен несие алуға мәжбүр.

Ал Мәртөк ауданындағы «Есбол» ШҚ басшысы Мұхамметхан Қарсақов жүгері суару үшін «КазАгроФинанс» АҚ арқылы лизингке техника алыпты. Бірақ онысы дұрыс жұмыс істемей, шаруа шығынға батып отыр.

«Су шашатын 3 қондырғының әрқайсысын 27 млн теңгеден алдым. Алайда аталған қондырғылар су шашпайтын болып шықты. Сондықтан өзге техника да кәдеге жарамай тұр. Ақтауы бар техника не кері қайтарылмайды, не оны жеткізуші компания жөндеп бермейді. Жүгері еге алмаған соң оның несиесін де төлей алмай отырмын», – деп мұңын шақты ол.

Шаруа министрдің қоғамдық қабылдауына жазылғысы келеді. Бұл өтініш партияның қоғамдық қабылдау бөлмесі арқылы онлайн түрде орындалмақ.

Асылтұқымды мал өсіріп отырған ірі шаруашылықтың бірі – «АЙС» ЖШС. Серіктестік директоры Бақытжан Ботпаевтың айтуынша, асылтұқымды малды шетелден сатып алушыларға субсидия көбірек бөлінеді. Ал қорасындағы Голштейн тұқымының асылтұқымды нетельдеріне сұраныс болмай отыр.

«Сырттан әкелушілер үшін осындай ірі қараның әрқайсысына 400 мың теңгеден, ал өз еліміздің сатып алушыларға 200 мың теңгеден субсидия бөлінеді. Сондықтан біздің шаруашылықтағы асылтұқымды малды сатып алуға сұраныс жоқ. Қазір 200 бас ірі қараны өткізе алмай отырмын. Бұған қоса, бұрын жергілікті бюджеттен мал азығына жұмсалған шығынды өтеу үшін әр басқа 120 мың теңгеден субсидия бөлінетін еді. Қазір оны да алып тастады», – деді ол.

Бүгінде шаруашылықта 2 906 бас асылтұқымды ірі қара мал бар. Оның 946-сы – сауынды сиыр. Қожалық тәулігіне 33 тонна сүт өндіреді.

«Біз қостанайлық және ақтөбелік шаруалармен кездесіп, пікірін тыңдадық. Олар субсидия талаптарына наразылық білдіріп отыр. Шаруалар мемлекеттік қолдау шараларының шикі тұстары бар екенін айтып, өз ұсыныстарын жеткізді. Әсіресе, ішкі құжаттар әбігерге салып, қызметтер тізімінің жаңармауы, ақпараттық портал жүйесінің жұмыс істемеуі көпке қолбайлау болып отыр. Шаруалар мәселесін партиялық бақылауға алып, комитет отырысында көтеретін боламыз», – деді Айжан Ысқақова.

Ол Мәртөк ауданында басаяғы 5 шаруа қожалықта болып, шаруалардың түйінді мәселелерін тыңдады. Тиісті ұсыныс-пікірін білдірді. Алдағы уақытта аталған мәселелер Партиялық бақылау комитетінде жан-жақты талқыланады. «AMANAT» партиясы шаруалардың жағдайын біліп қана қоймай, оны шешу жолдарын қарастырады.

СЫРДА ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ДӘРІПТЕЛЕДІ

Сыр өңірінде Халықаралық отбасы күніне орай 25 қоғамдық-бұқаралық, мәдени-көпшілік, ағартушылық-зияткерлік, ғылыми-танымдық және спорттық шаралар ұйымдастырылмақшы. Соның ішінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына құжат қабылдау басталды. Бұл жөнінде Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов мәлімдеді.

Негізінен, өңірде атаулы мерекенің мазмұндық мәнін кең көлемде насихаттауға бағытталған іс-шаралардың ауқымы кең. Осындай істердің бастауы ретінде Халықаралық отбасы күніне орай әлеуметтік желілерде отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында арнайы флешмоб бастау алған. Оған қатысу үшін кез келген жан әлеуметтік желіде «Отбасым» хэштегін белгілей отырып, отбасы мүшелерімен түскен әдемі суреттерді, қызықты оқиғаларды, тіпті әрбір азамат өзінің үлгілі отбасын келешекте қалай көргісі келетіні туралы армандарымен бөлісуге мүмкіндік беріліп отыр.

«Өздеріңізге белгілі, елімізде отбасы институтына қамқорлық пен көмек үздіксіз беріліп келеді. Ана мен баланы қорғауға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар көлемі жыл сайын көбейтілуде. Біздің өңірде 16 751 «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар мен 33 851 көпбалалы отбасыларына мемлекеттік жәрдемақылар төленуде. Сонымен қатар аз қамтылған жанұялар да мемлекеттің қамқорлығынан тыс қалмай, қажетті көмек беріліп жатыр», – деді Шахмардан Асқарұлы.

Негізінен, «Мерейлі отбасы» байқауы отбасы құндылығын дәріптеу мақсатында 2014 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Ұлттық конкурстың негізгі мақсаты – отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты нығайту, бала тәрбиелеудегі жауапкершілікті және ұлттық тәрбиені барынша дәріптеу.

«Бұл байқау 3 кезеңнен тұрады. Конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін керекті құжаттарды қалалық және аудандық қоғамдық даму бөлімдеріне тапсыру қажет. Аудандық және қалалық кезең жеңімпаздары облыстық кезеңге, облыста үздік деп танылған отбасы республикалық байқауға жолдама алады. Осы байқауға үміткер боламын деген отбасылардың құжаттары 15 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылданады. Сонымен қатар қатысушылар отбасылық дәстүрлерімен, тарихи сәттерімен, қызықты оқиғаларымен әлеуметтік желіде #Мерейліотбасы, #МерейліотбасыKZO2023 хэштегтерін пайдалана отырып бөлісе алады», – деп түсіндірді брифингте аппарат басшысы.

Қызылорда облысында іс-шаралар жоспары аясында отбасылық-эстафеталық сайыс, жас отбасылар арасында облыстық форум, республикалық отбасылық ансамблі мен кездесулер өткізу көзделген. Ал мереке аясындағы ең негізгі шаралар «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысып жеңімпаз атанған, үлгілі отбасылармен қала және аудандардағы мектептер мен колледждерде кездесулер, танымдық шаралардың өткізілуі жоспарланған.

Жалпы, бұған дейін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына Сыр өңірінен 1 900-ге жуық отбасы қатысқан.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Белес

СИАНЬ САПАРЫ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН СЫЙЛАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Елдос СЕНБАЙ

АЙМАҚТЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Сианьдағы алдағы саммитте ҚХР Қазақстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Түрікменстан президенттерін қабылдайды. Бірақ халықаралық ақпарат агенттіктері болашақта бұл құрылтайларға Ауғанстан қосылуы мүмкін деп болжады. Геосаясат және тарихи тамырластық тұрғысынан ауған елі Орталық Азия аймағына жатады.

Осы орайда елдің жаңа билігі Ауғанстанды «Бір белдеу, бір жол» бастамасына енгізу туралы Қытай және Пәкістанмен уағдаластыққа келді. Нақтыласақ, соғыстан көз ашпаған бұл ел белдеу аясында жобаларының жалпы құны 60 миллиард долларға жететін Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізіне қосылады. Бұл туралы Bloomberg хабарлады. Билігін тәліптер басып алған Ауғанстан бүгінде БҰҰ мен АҚШ-тың санкциялық қыспағында тұр. Ал мемлекет ретінде даму әрі халқының әл-ауқатын көтеру үшін Ауған елі миллиардтаған инвестицияға зәру. Ол қаржыны белдеудің инфрақұрылымдық жобалары аясында Қытай мен Пәкістан ұсына алады.

Биылғы 6 мамырда ҚХР СІМ басшысы Цинь Ган Исламбадта Пәкістанның Сыртқы істер министрі Билавал Бхутто Зардаримен кездесті. Жүздесуге Ауғанстан СІМ басшысы Амир Хан Муттаки қатысқан. Олар Ауғанстанды қалпына келтіру бағытында бірлесе жұмыс істеу жөнінде келісімге келді. Бейжің Ауғанстанда табиғи ресустарды өндіріп жатыр, тәліптер Қытайдың бұл салаға да инвестицияларын арттыруын қалады. Биылғы қаңтарда ауған Үкіметі шын елінің Xinjiang Central Asia Petroleum and Gas компаниясымен контракт бекітті. Мәміле елдің солтүстігінде, Әмудария өзенінде мұнай өндіруді қарастырады.

Биыл онжылдық белесіне шыққан «Бір белдеу, бір жол» (BRI) бастамасын ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылғы қыркүйекте Астанада жариялаған болатын. Бүгінде оған төртқұл дүниедегі жалпы саны 4,4 млрд адам тұратын 148 ел кіріп, тиісті құжаттарға қол қойды. Жаңа сауда жолдарын, көлік және экономикалық дәліздерді құрып, оларды заманауи инфрақұрылыммен толық жабдықтап, сол арқылы тауар айналымды еселеп арттыруды көздейтін бұл концепция Азия, Еуропа, Африка елдері қатарлы Орталық Азияны да қамтиды. Бұл ретте BRI құрлықтық бағыты біздің аймақ арқылы өтеді.

ОА елдері іргедегі ауған жұртының қақтығыс ошағы болуын қойғанын, бейбіт әрі бақуатты ел болғанын қалайды. Демек, ертеңгі саммитте Ауғанстан тақырыбы да талқылауға тамызық болады деп күтілуде.

Жалпы, сарапшылардың пайымдауынша, қазіргі кезеңде Қытай мен Орталық Азияның қатынастары жаңа дәуірге аяқ басты. Бұрын оған Мәскеу кедергі жасап келген. Енді ол Украинадан оңбай таяқ жеп, байтал түгіл бас қайғы күйге түсті.

Нәтижесінде, 2022 жылдан бері Бейжің барлық орталықазиялық республикалар басшыларымен тұрақты әрі тығыз байланыс түзді. Былтырғы қаңтарда ҚХР лидері ОА елдері президенттерімен онлайн форматта «Орталық Азия + Қытай» саммитін өткізді. Ақпан айында осы көшбасшылардың барлығы Бейжіндегі қысқы Олимпиаданың ашылу салтанатын бірге тамашалап, соңынан бейресми сұхбаттасты. Былтыр қыркүйекте барлығы өзбектің Самарқанында Шанхай ынтымақтастығы ұйымының саммитіне жиналды. 2023 жылғы мамырда «Орталық Азия + Қытай» саммиті онлайн өтті. Бұлардан бөлек, мемлекет басшылары телефон арқылы сөйлесіп тұрады.

Осыдан-ақ С+С5 форматындағы ынтымақтастық қарқынды өрістеп келе жатқанын аңғаруға болады.

Қытай халықаралық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Ю Сяошуанның айтуынша, С+С5 – ҚХР-дың континент орталығын

мекен еткен елдермен ынтымақтастығын кеңейту үшін құрылған жаңа тетік. Ол 2020 жылы іске қосылды. Содан бері жиындары онлайн ұйымдастырылды. Енді алғаш рет 6 елдің саммиті 18-19 мамырда жүзбе-жүз, оффлайн өтпек. Саммит үшін Қытайдың солтүстік-батысындағы 3100 жылдық тарихы бар Сианьның таңдалуы бекер емес екен.

«Дәл осы қаланың Орталық Азия арқылы Батысқа өткен байырғы алып керуен жолының бастау нүктесі болғаны дәлелденді. Өткен айда Сианьда ҚХР мен ОА елдерінің сыртқы істер министрлерінің саммиті болды. Сонда мемлекеттер «Белдеу мен жол» (BRI) аясындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, тасымал жолының қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз етуге уағдаласты. BRI бастамасы Қытай мен орталықазиялық елдерді бұрынғыдан тығыз жақындатты. Оны ұтымды жүзеге асырса, оның бойындағы әрбір елдің табысы артады. Онымен тасылатын өнімдерді ОА елдері де кең тұтынады. Бұл тұрғыдан алғанда алдағы С+С5 саммиті ынтымақтастықты және достықты жаңа деңгейге шығарудың бағдарын түзеді», – деген болжам айтты қытайлық ғалым.

Саммит қарсаңында Сиань – Орталық Азия теміржол маршруты іске қосылды. Сианнан Орталық Азияға жол тартатын теміржолмен аттанған алғашқы жүк пойызына қытайлық 260 электромобиль тиелді. Пойыз Ташкентке дейінгі жолды 12 күнде жүріп өтеді.

ӘУЕЛІ ЭКОНОМИКА

Қазақстанды экономикалық ынтымақтастық жайы көбірек қызықтырса керек. Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, еліміз мысалы, ҚХР-ға астық экспортын жылына 1 миллион тоннадан асыруға ниетті. Осы мақсатта саммит қарсаңында қазақстандық делегация қытайлық COFCO және CITIC Group компанияларының басшылығымен келіссөздер жүргізді. Министр қытай тарапын Қазақстанның астықтың едәуір қорына ие екеніне және отандық компаниялар экспорт үшін астықтың қажетті көлемі мен сапасын қамтамасыз ете алатынына сендірді. Егер логистикада мәселе туындаса АШМ оларды жедел шешуге көмектесуге дайын. Алашанькоу және Қорғас шекаралас қалаларында тәулігіне 10 мың тоннаға дейін астық жүктерін қабылдай алатын терминалдар бар.

Сондай-ақ Е.Қарашөкеев қазақстандық кәсіпорындар мұздатылған сиыр, қой және шошқа етінің экспортына ҚХР-дың тезірек қайтадан жол ашуын күтіп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар отандық зауыттар көршіге салқындатылған ет және балық өнімдері, құс еті, жұмыртқа және басқа да тауар түрлерін жеткізуге кірісуге дайын. Бүгінде АШМ экспортқа жол ашуы үшін отандық ет комбинаттарын аккредиттеу бойынша ҚХР-мен келісуге күш салуда. Әзірге шығыс көрші тек 4 қазақстандық кәсіпорынға тиісті рұқсат берді. Тағы 13 компаниямыз рұқсат алудан үмітті. Негізі, былтырғы 2022 жылы Қазақстанда 1,06 миллион тонна ет өндіріліпті. Экспорттың негізгі үлесі Өзбекстанға, БАӘ мен Кувейтке бағытталды.

Назар аударарлық жайт, Қазақстан мен Қытайдың саудасаттығының 40 пайыздан астамы Шыңжаңға тиесілі: 2022 жылдың қорытындысында өзара алысберіс 382 млн долларды құрады. Енді Қазақстан мен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасындағы тауарайналым үш есе артып, 1 млрд долларға жетуі мүмкін. Тиісті келісімге Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев пен ШҰАА ҚКП парткомының хатшысы Ма Синжуйдің кездесуінде қол жеткізілді. Себебі, Шыңжаң бізден көбіне ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алады. Жоғарыда аталған ет, жұмыртқа сияқты өнімдер сыртында, ШҰАА-ға жеткізілетін тауарлар тізіміне бұршақ дақылдары, майлы дақылдардың күнжарасы қосылуы мүмкін.

Бірақ экспорттық әлеуетті арттыру үшін Қытай тарапы өзі енгізген ветеринарлық шектеулерін алып тастауы тиіс. Қазақстан болса, Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымының сараптамалық миссиясының оң қорытындысын алды. Енді жүріс ҚХР тарапында. Демек, министр Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, экономикалық ынтымақтастықты жаңа белеске көтеру туралы сөздері шынға айналуы үшін Қытай жағы қазақстандық өнімдерге қойған кедергілерін жойғаны, негізсіз ветеринариялық және фитосанитариялық талаптарын жұмсартқаны жөн. Тараптар АӨК саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құруға келісті. Соның аясында барлық басым бағыт бойынша өзара іс-қимыл үйлестіріліп, өзара саудадағы кедергілер алынатын болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сиань қаласында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен жеке келіссөз жүргізеді. Кездесу барысында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті одан ары нығайту, сауда және экономика, инвестиция, көлік-логистика, энергетика салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету мәселелері қарастырылады.

Сондай-ақ Президент Қытайдың ірі компанияларының басшыларымен оңаша кездеседі деп жоспарланып отыр.

Қазақстан мен ҚХР арасындағы өзара сауда 2022 жылы 24,1 млрд долларға жетті. Бұл тарихи рекорд саналады. Тауарайналым 2021 жылмен салыстырғанда 34,1 пайызы артты. Яғни, қарқыны ғаламат. Бір ғажабы, қазақ елінің көршісіне сатқаны одан тасығанынан көп: Қазақстаннан шын еліне экспорт бір жылда 34,7 пайызға ұлғайып, 13,2 миллиард доллардан асты. Ал Қытайдан импорт 33,5 пайызға өсіп, 11 млрд долларды құрады.

Мәселе

ЖЕР ДАУЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

Жайылым жерінің жетіспеушілігі, субсидия алудағы қиындықтар, тексерістің көптігі, бал сатудағы түйткілдер – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер кезігіп отырған мәселе аз емес. Солтүстік-қазақстандық кәсіпкерлер мемлекеттік органдардан осы мәселелерді шешіп беруін сұрайды.

Солтүстік Қазақстан облысындағы ірі шаруашылықтардың басшылары өз серіктестіктерінің құрамынан құрылтайшылардың шығып жатқанына алаңдаулы. Кәсіпкерлердің айтуынша, көп жағдайда бұл ретте жоғары дивиденд төлеу туралы уәде беретін арандатушылар кінәлі. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда орналасқан «Ақселеу» ЖШС осындай проблемаға тап болды. Оның құрамындағы 104 құрылтайшының 11-і өз жер учаскелерімен бірге серіктестік құрамынан шығуға ниет білдіріпті. Бұл – шамамен 1,5 мың га алқап.

«15 мың гектардан астам алқапқа біз дәнді, майлы, бұршақ және жемшөп дақылдарын себеміз, мал шаруашылығымен айналысамыз, Ковыльное ауылының инфрақұрылымын дамытуға үлес қосып отырмыз. Асхана, наубайхана, монша, фитнес зал аштық. Үйлердің барлығына су, жартысына жылу қостық. Біз халық үшін жақсы жағдай жасап отырмыз. Бірақ біздің серіктестіктің құрамынан өз жер телімдерімен бірге шыққысы келетін жекелеген құрылтайшылар бар. Бұл әлеуметтік саланы одан әрі дамытуымызға, халыққа және жұмысшыларға қосымша жеңілдіктер жасауымызға қауіп төндіреді. Біздің әлеуметтік салаға, техникаға, қайта өңдеуге жұмсаған шығынымыз зая кеткелі тұр. Бұдан әрі қарай елді мекенді әлеуметтік жағынан қолдауға біздің жағдайымыз келмейді. Осыған байланысты жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрамынан шығуға ниет білдірген құрылтайшылар базалық шаруашылықты сақтап қалу үшін өз жерімен емес, ақшалай сыйақымен шығуы керек деген ұсыныс айтқым келеді. 1 гектар жерге қанша қаржы төленетінін Үкімет шешіп, бізді қолдаса екен тілегіміз бар. Басқа қиындықтың барлығын өзіміз шешуге қауқарымыз жетеді», – деді «Ақселеу» ЖШС директоры Серік Малаев.

Кәсіпкер бұл азық-түлік қауіпсіздігіне қәдімгідей қауіп төндіреді деп санайды. 90 жылдардан бастап елдегі ауылдардың жартысынан астамы құрып кеткенінен сабақ алу керек дейді.

МИНИСТРЛІКТІ ДЕ ТОЛҒАНДЫРЫП ОТЫР

Солтүстік Қазақстан облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Мейрам Меңдібаев атап өткеніндей, бұл мәселе басқарманы ғана емес, Ауыл шаруашылығы министрлігін де толғандырып отыр.

«Иә, бір кездері Жер кодексінің 170-бабында 2005 жылдың 1 қаңтарына дейін барлық шартты жер үлестері жарғылық капиталға салым ретінде ресімделуі немесе берілуі керек деп көрсетілген болатын. Яғни, халық іс жүзінде өз таңдауын жасап, біреулері өз жер телімдерін шаруа қожалықтарының атына рәсімдеді, басқалары заңды тұлға құрды, кейбіреулері шаруашылықтардың жарғылық қорына кірді. Содан бері 20 жылға жуық уақыт өтті. Осы кезең ішінде шаруа қожалықтары жерді өңдеуге көп күш жұмсады. Ал бүгінде құрылтайшылар осы серіктестіктердің құрамынан шығып, басқа шаруашылықтарға кірмекші. Бірақ, өкінішке қарай, жерді алған кейбір құрылымдар оны банктерге кепілдікке қойып, міндеттемелерін орындамайды, нәтижесінде құрылтайшылар жарғылық капиталдағы үлесінен айырылады. Бұл туралы біз қайта-қайта айтып жүрміз. Мәселе орталық аппараттың да бақылауында. Өйткені бұл біздің облысқа ғана емес, бүкіл елге тән проблема», – деді Мейрам Меңдібаев.

Сонымен бірге ол орталық аппаратқа барған кезде мұндай жағдайды қалай шешуге болатыны туралы көп ойланғанын жасырмады.

«Себебі, бүгінде Азаматтық және Жер кодекстеріне сәйкес жарғылық капиталдағы адам оның құрамынан шығуға құқылы. Біз де дәл осындай ұсыныспен Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жаздық», – деп түйіндеді мемлекеттік орган басшысы.

Бірақ серіктестік құрамынан жер телімімен емес, ақшалай сыйақымен шығуға қарсы пікір білдірушілер де бар. Олардың ойынша, мұндай жағдайда жер үлесі ұстағанның аузында, тістегеннің қолында кетуі ғажап емес.

Сондай-ақ көптеген тұрғындар мен шаруашылықтарға жайылымдық жер жетіспеуде. Солардың бірі – асылтұқымды қой шаруашылығын қолға алған «Золотое руно Дачное» ЖШС директоры Амангелді Дүйсембаев жер жетіспеушілігіне байланысты облыс аумағын шарлап, көшіп-қонып жүріп, енді Мамлют ауданына қоныс тепкенін, бірақ мұнда да жайылымдық жер тапшылығына тап болғанын айтады. Бұл мәселе оң шешімін таппаса, тіпті 700 бас қой өсіріп отырған шаруашылығын жауып тынуға бар. Бүгінде ол өз техникасы, жағдайы бола тұра, жемазықты, шөп-сабанды сатып алуға мәжбүр. Кәсіпкер өзі туып-өскен Дачное ауылының маңайында пайдаланылмай жатқан жер бар екенін айтып, сол жайылымға қол жеткізу жолдарын сұрап білді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы бұл мәселені заң аясында, яғни конкурс арқылы шешуге болады деген кеңес берді. Осы мәселені «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясы да өз бақылауына алды.

СУБСИДИЯ АЛУ ОҢАЙ ЕМЕС

Qoldau.kz жүйесінің орнына іске қосылған жаңа Gosagro.kz платформасының дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан өңір фермерлері субсидия ала алмай отыр. Бұл да шаруалардың үлкен проблемаларының бірі. Белгілі болғанындай, олардың көпшілігі биылғыны айтпағанда, былтырғы субсидияларын әлі күнге дейін ала алмапты.

«Былтыр біз қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты шамамен 60 миллион теңге субсидия ала алмай қалдық. Ал белгілі -бір уақыттан соң сертификаттың мерзімі өтіп кетті. Биыл жаңа бағдарламаның кемшіліктеріне байланысты тағы да сондай жағдай қалыптасып отыр: ақпан айынан бастап өтініш бере алмай жүрміз», – дейді «Новомихайловское-2003» ЖШС директоры Вячеслав Щеголев.

Мәселенің шешімі ретінде кәсіпкер жаңа жүйеде күту парағын енгізуді ұсынды. Бұрын Qoldau.kz платформасында минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға өтінімдер бойынша сондай қызмет болған көрінеді.

Мемлекеттік органның өкілдері биылдың 25 сәуірінен бастап субсидиялау қағидаларына жаңа өзгерістер енгізілгенінен хабардар етті. Оған сәйкес күту парағы бекітілген көрінеді. Қаржының бар-жоғына қарамастан, барлық өтініштер енді сонда түсетін болады.

Сондай-ақ жаңа түзетулерге сәйкес, 2023 жылы егістіктер мен агрохимиялық карталарды цифрландыру талап етілмейді. Фермерлер 2022 жылы сатып алған тұқым, пестицид және минералды тыңайтқыштарға келетін болсақ, оларды субсидиялауға 1 желтоқсанға дейін өтініш беруге болады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы өкілдерінің айтуынша, тұқым мен минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға өтінімдерді мемлекеттік орган жаңа жүйе арқылы қабылдап жатыр, ал пестицидтер бойынша мамыр айының соңында қабылдай бастайды.

Бұл мәселенің өңір дихандары үшін маңызын ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасы оны мемлекеттік органның шешуін мониторингке және ерекше бақылауға алатын болды, сондай-ақ барлық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін жедел хабардар етіп отырмақ.

Кәсіпкерлер палатасы жанындағы осы мәселелерді қарастырған агроөнеркәсіптік кешен және азық-түлік өнеркәсібі салалық кеңесінің кезекті отырысында директордың орынбасары Марат Ысқақов: «Аталған кеңестің жұмысы аясында кәсіпкерлер проблемалық мәселелерін шеше алады. Көтерілген барлық мәселені, сондай-ақ оларды шешу барысын жергілікті атқарушы органдар мен біз бақылауға алатын боламыз», – деді.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Еліміздің этносаралық қатынас саясатында Қадыр Мырза Әлі ағамыздың «Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба, қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін» деген өлең жолдары расқа айналатын түрі бар. Өйткені таяуда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясынан кейін өзге ұлт өкілдерінің төлқұжатында «ұлты» деген жеріне «қазақ» деп жазу керек деген ұсыныс қайта қозғалды. Ендеше бұл қаншалықты дұрыс? Ұлты «қазақ» деген дұрыс па? Ұлысы «қазақ» деп жазған дұрыс па? Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының қорытындысы бойынша ҚХА «Көзқарас» талқылау алаңының кезекті отырысында сарапшылардың пікірі дәл осы тұсқа келгенде қақ жарылған.

ҚАЗАҚ ОСЫ – ҚАРАСЫҢ БА, АҚСЫҢ БА...

Нұрлан ҚОСАЙ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК КЕРЕК-АҚ

Қоғамды нығайта түсудегі маңызды қадамның бірі –жалпыұлттық бірегейлік. Мұны Мемлекет басшысы ҚХА-ның биылғы сессиясында ерекше атап айтып өтті. Ұлтаралық қатынастың дамуы тежеліп, тоқырап қалмауы үшін оны үнемі жаңа деңгейге көтеріп отыру қажет. Ал мұндай кезекті деңгей – азаматтық бірегейлікті қалыптастыру. Оны нығайта түсуде мемлекеттік тіл маңызды рөлге ие. Сондай-ақ этносаясаттың біртұтас дәйекті түрде жүргізілуінде ғылымның рөлін арттыра түсу қажет. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз баяндамасында этносаралық саясат ғылыми тұжырымдарға негізделуі керек деген болатын.

«Ұлт болып ұйысу, жұрт болып жұмылу – ұдайы жүретін процесс. Тарихқа қарасақ, қазақ халқының қалыптасу жолы арысы сонау қаганаттар кезеңі, қазақ хандығы кезеңі болса, бергісі Алаш пен азат ел болғанға дейінгі сан түрлі сынақтардан өтті. Қысқаша айтқанда, қазақ халқының тарихы бірігу мен кірігуден тұрады. Ұлт немесе ел ұғымын этностық тегіне ғана емес, баршаға ортақ құндылықтар мен азамат концепциясы негізінде қалыптастыру немесе қарастыру маңызды. Осылайша, елдің әрбір азаматы өзін біртұтас елдің ажырамас бөлігі ретінде сезінеді. Біздің еліміздің алдында осындай сәт туды. Жалпыазаматтық бірегейлікті нығайтудың бір факторы – мемлекеттік тіл. Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі елдегі басым бағыттардың біріне айналып отыр. Мемлекеттік тілді жалпы азаматтық интеграцияның тиімді құралы, ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістігіне жол ашатын тетігіне айналу керек екендігіне Президентіміз айырықша тоқталды», – дейді Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Бұл тұста министр Қазақстан төлқұжатына барлық азаматтың ұлтын «қазақ» деп жазу мәселесі қоғам арасында да, ғылыми-сарапшылық ортада да кеңінен талқылануы тиіс екенін жеткізді. Мұндай бастама шетелдік тәжірибеден алынып отырғаны рас. Осы ретте, әсіресе ағылшынның national сөзінің мағынасы кең екенін, қазақ тілінде де оған лайық балама табу қажеттігін жеткізді. Естеріңізде болса, бұл бастаманы 2020 жылы сол кездегі ҚХА төрағасының орынбасары Мая Бекбаева көтерген болатын.

АРАБ ТА ФРАНЦУЗ, АФРИКАЛЫҚ ТА ФРАНЦУЗ

Ендеше қазақстандықтардың барлығының ұлтын «қазақ» деп жазуды қолдаушылардың уәжін келтірелік. Олардың айтуынша, бұл осы бағытта жүргізілетін жұмыстардың идеологиялық бір парасы ғана. Ал түпкі мақсат – азаматтардың әлеуметтік-саяси процестерге қатысу дәрежесін арттырып, жастардың бастамаларын кешенді қолдау арқылы жалпыұлттық бірегейлікті қалыптастыру.

«Президент өз сөзінде біртұтас ұлт туралы айтты. Мұндағы айтылар ой ұлттың саяси ұлт ретінде әрі қарай дамуын көздейді. Бұл тұста жаңа ұлттың пайда болуы немесе ұлттың жаңаша сипатын енгізу туралы қате ой болмау керек. Оны қоғамға дұрыс жеткізуіміз қажет. Ол үшін әуелі ұлт ұғымын ғылыми тұрғыдан дұрыстап түсініп алайық. Оның екі мағынасы бар. Біріншісі – этникалық ұлт болса, екіншісі – саяси ұлт. Этникалық ұлт дегеніміз – бізге ата-анамыздың қаны арқылы тараған ерекшелік. Бұл біздің шығу тегімізді білдіреді. Ал саяси ұлт дегеніміз – азаматтық келісім арқылы қандай да бір игіліктерге қол жеткізіп отырған, бір елде тұратын адамдардың тобы. Әрине, осы екі тәсілдің таза ұстанымдарын заманауи өмірде кездестіру мүмкін емес деуге болады. Әрбір қауымдастық ұлт ұғымына өзіндік ұстанымдарын қосып қарастырады. Кейбір мемлекеттер басында этникалық ұлт негізінде қалыптасқан болса, кейіннен миграция мен жаһандық миграция есебінен саяси ұлтқа айналып кетеді. Мысалы, Франция мемлекеті. Франктар ғана қоныстанған ел қазір француз ұлты мекендейтін елге айналды. Онда азаматтығы бар адамдардың барлығы өздерін француз санайды. Олар шыққан тегінің алжирлық, фломант екендігін жоғалтпай, өздерін саяси ұлт тұрғысынан «француз» деп атайды. Қазаргі заманда дамыған елдердің басым бөлігі саяси ұлт аясында қалыптасып келеді. Мен сол мемлекеттің азаматымын дегеннен гөрі, мен сол саяси ұлттың өкілімін деген ұстанымдар нығая түскен. Біздің де осы үрдістен айналып өте алмасымыз анық. Сондықтан оны қандай сипатта қабылдау қажеттігін ойлануымыз керек», – дейді Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Президент Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов.

Келесі сарапшы да бұл бастаманы толық қолдап отыр. Ол сол арқылы Қазақстан қоғамы нығая түсетініне сенімді. Бұл мәселенің көтерілгеніне көп болды, сондықтан да әр этностық топ мұндағы месседжді ендігі санасына сіңіріп те үлгерген болуы тиіс.

«Өзге этностарды қазақтың өзіне сіңіруі ғұндардың кезінен бар. Ол – тарихи факт. Әр ғасырда қазақ өзге ұлт өкілдерін өздеріне кіргізіп отырған. Оларды кірме деп атаған. Бірақ менің байқауымша, екі үлкен оқиғадан кейін бұл процесс тоқтап қалды. Біріншісі, қоныс аударушылардың жаппай Қазақстанға жер аударылуы болса, екінші – жаппай депортация. Ал оған дейін қазақтар басқа руларды өз шежіресіне сәтті кіргізіп отырған. Мұндай деректер көп. Соған сүйеніп, біздің де кез келген этнос өкілін тілін сақтап, мәдениетін сақтап, бірақ «қазақ» деп атауға толық мүмкіндігіміз бар. Бұл идеологияға қатысы бар әр аудиторияға месседж. Десе де, біз әсіре этноцентризммен ауырып, «қазақтың бір ерекше жолы бар» дейтін пікірлерді жиі естиміз. Ешқандай да біздің ерекше жолымыз жоқ. Біз бәріміз теңбіз, біз бәріміз бірдейміз. Бізде өкінішке қарай, бұл өте сезімтал тақырып, оған баруға болмайды деп айтып жатады. Бірақ шын мәнінде дискуссия болмаса, адамдар бір-бірін түсінбейді. Ұлт құру дегенді де бір адамдар құбыжыққа айналдырып жіберді. Мұнда шошитын ештеңе жоқ. Бұл дегеніміз – ғылыми термин. Мұның барлығы бізде осы уақытқа дейін сапалы дискуссияның болмағанынан деп ойлаймын», – дейді Қазақстандық қоғамдық даму институтының басқарма төрағасы Нұрбек Матжани.

ҰЛТЫ – «ҚАЗАҚ», ЗАТЫ – ОРЫС...

Бұл ретте өзге ұлт өкілдері өздерін «қазақпыз» деп атаудың қаншалықты орынды екендігін нақты айта алмай дал. Әйтсе де, жалпыұлтық бірегейлік пен тұтастық саясатын толық қолдайды. Өйткені бүгінде біз айрықша бір саяси жағдайда тұрмыз. Бұл жағдайда ұлтты құру процесін жалғастыра беру қажеттілігі өзекті бола түседі.

«Ол үшін әуелі «Ұлт құру дегеніміз не?» деген мәселенің басын ашып алуымыз керек. Оның қандай тәуекелі болуы мүмкін, соны анықтау қажет. Қазақтілді өңірлерде де, орыстілді өңірлерде де талқылау өткізіп, бір келісімге келу керек. Қазақстанда, бір өкініштісі, ұлтаралық мәселелер жария талқыланбайды. Тек этностық топтардың немесе тілдік топтардың өз ішінде қала береді. Өйткені бұл – өте нәзік тақырып. Бірақ бүгінде бұл мәселе пісіп-жетілді деп санаймын. Өйткені 2014 жылдан бері әлем шиеленіскен геосаяси жағдайда өмір сүріп жатыр. Ол Қазақстанға да көлеңкесін түсірді. Әсіресе, ұлтаралық қатынас мәселесі өзекті. Менің ойымша, мұны мәселеге айналдырудың қажеті жоқ. Десе де, «қазақ» деп жазған күннің өзінде оның нәтижесі қалай болады? Қазақ дегеніміз шежіресі бар, руға бөлінген халық. Өзге ұлт өкілдері ол ұғымға ене ала ма? Өз басым оны қалай қабылдарымды да біле алмай отырмын. Мен өзімнің ұлтымды «қазақ» деп айта алмаймын. Бұл жерде мәселе адамның шыққан тегінде емес, оның өзін кім сезінетінінде болып тұр», – дейді Мәжіліс депутаты Никита Шаталов.

Мамандар сондықтан да осы бағыттағы халықаралық тәжірибені терең зерделеп, өте мұқият қолданысқа енгізу керек. Мысалы, финдердің «финлянизация» процесі бар. Немесе Израил тәжірибесі: ашкенази, сефарда немесе басқа болып бөлінетін болса да олардың төлқұжаттарында «ұлты» деген жерде «израеили» деп жазылы. Қалай болғанда да бұл – тым нәзік мәселе. Мұнда тым асығыс қадамдарға баруға болмайды.

«Еліміз қазір күрделі саяси реформаларды жүргізіп келеді. Сонымен қоса экономикадағы дағдарысты да еңсеруге күш салады. Мұның барлығы бұған дейін болмаған геосаяси ахуал аясында жүзеге асты. Осылардың бәріне қарамастан бірқатар мәселелер өзекті болып отыр. Оларды бүгін шешіп алмасақ, ертең толығымен бой көрсеткен шақта қиын болады. Соның бірі – ұлтаралық қатынастар болса, екіншісі – мемлекеттік тіл. Мәселен қазір қазақ және орыс тілдерінің арасында дискурс пайда болып келе жатыр. Бұлай болмау керек. Тіл факторы өзге мәселелерге көлеңкесін түсірмеуге тиіс. Мемлекет осы тұстағы бірыңғай жүйеленген саясатын жүргізе беруі қажет. Мен бұл ретте ұлт мәселесінен бұрын тіл мәселесін шешіп алуды ұсынар едім. Мысалы, «өзге ұлт өкілдері неге қазақша сөйлемейді?» деген кінә көп артылады. Менің ойымша, оларға әуелі «мемлекеттік тілді жақсы түсінуі тиіс!» деген талап қою керек сияқты. Егер, қазақша сұрақты түсініп, оған орысша жауап берсе сөкеттігі жоқ. Өйткені, қай тілді үйрену кезінде де түсіну оңай, сөйлеп кету қиын. Ал түсінген адамға белгілі бір уақыттан соң сөйлеп кету де оңайырақ болады», – дейді Түркі Академиясының сарапшысы, филология ғылымдарының кандидаты Тимур Козырев.

ҰЛТ ПА, ҰЛЫС ПА?

Еліміздегі ұлтаралық қатынаста бұл мәселенің көтеріліп жүргеніне оншақты жылдың жүзі болып қалғаны рас. Бір кездері тіпті «стан» деген жалғаудан да арылу керек деген бастама көтеріліп, «Қазақия» мемлекеті атанамыз деген ұрандар да тасталды. Соған сабақтасып «Мәңгілік ел» идеясы пайда болған еді. Астана қаласындағы күрежолды көше мен бір монумент кешеннің «Мәңгілік ел» атануы да осы саясаттан туындаған. Әйтсе де, әзірге сол идея күйінен асып кете қойған жоқ. Әрине, «стан»-нан арылғанымыз дұрыс шығар, бірақ «өзге ұлтты «қазақ» атауына телу дұрыс емес» дейді енді бір тарап.

«Ұлттар жөнінде айтқан кезде бізге Францияны мысалға келтіреді. Бірақ ғасырлар бойы қалыптасқан Франция да, Америка да бізге үлгі бола алмайды. Біз Франция бола алмаймыз. Францияның орналасқан географиялық аймағы, ол өскен тарихи орта, Франция мемлекетінің бүгінгі тартымдылығы, бәсекеге қабілеттілігі, әлемдік қауымдастықтағы орны – мұның барлығын Қазақстанмен салыстыруға болмайды. Сондықтан да Қазакстанға көшіп келген кез келген адам «қазақ» болып кете алмайды. Өйткені, бізге басқа ұлттардың кіруі орыс тілі арқылы болып жатыр. Бұл – шындық. Біз саяси әлеуметтік жағынан алатын болсақ постиндустриалдық кезеңде тұрған елміз. Ал мәдени жағынан алар болсақ, постмодернистік кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Осындай кезеңде біздің ұлтымыз қалай қалыптасады? Осы сұраққа жауап іздеуіміз керек. Қазір біздегі салт-дәстүрмен, саяси доктринамен ұлтты қалыптастыру қиын. Жалпы мына XXI ғасырда кезкелген ұлтты қалыптастыратын бірден-бір белгісі, ол – тіл ғана», – дейді Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов.

Комитет төрағасының айтуынша, Кеңес одағы құрылған шақта да осындай біртұтас ұлт – «Совет адамын» жасаймыз деген мақсатпен, бірінші кезекте тіл мәселесі қолға алынған екен. Ортақ тіл – орыс тілі болып, ұлттық мектептерді жауып, орыс мектептерін көбейтіп, университеттерде де орыс тіліне басымдық берілген. Сондықтан бізді біріктіретін бір-ақ нәрсе – тіл. Оның қолданыс аясын кеңейте түсу қажет. Әйтсе де, өзге ұлтты үйреткенде де, өзіміз күнделікті қолданғанда да сөзге мұқият болуымыз керек.

«Бұл жерде мәселе «ұлт» деген сөзде сияқты. Пікірталасты да шатастырып тұрған осы сөз. Өйткені біздің түсінікте өзге ұлттар «қазақ» бола алмайды. Сондықтан да біз төлқұжатқа «ұлысы» деген сөзді енгізуіміз керек. Мысалы, тарихта Жошының ұлысы деген болған. Оның бір-ақ ұлттан тұрмағаны анық. Біріккен ұлттар ұйымның атауында да «ұлттар» деп көпше түрде айтылып тұр. Қазақша ұғымда ұлт дегеніміз, ол – украин, неміс, өзбек, орыс, шешен деген сияқты этностық атаулар. Ал жалпы бұл сөздің өзінің тарихына келетін болсақ, «ұлт» деген сөзді ең бірінші боп қолданған Мағжан Жұмабаев. Оған дейін болмаған немесе аз қолданған. Абайда бұл сөз мүлде кездеспейді. Оның шығармаларында жұрт деген сөз бар, ел деген сөз бар. Тіпті, халық деген сөздің өзі өте аз кездеседі. «Отан» деген сөзді ойлап тапқан Ахмет Байтұрсынов. Парсының «ватан» деген сөзінен келтірген. Оған дейін болған жоқ. «Мемлекет» деген сөзді де бірінші ойлап тапқан Алаш арыстары. Неге? Өйткені оған дейін бұл сөздерге қажеттілік болған жоқ. Тілдегі ұғымдар идеялар пайда болғанда пайда болады. Сондықтан да бұл мәселені талқылағанда терминге абай болу қажет», – дейді Ербол Ердембекұлы.

Комитет төрағасының айтып отырған сөзінің жаны бар. Өзге ұлт өкілдері өзін «қазақ» деп атауға қаншалықты келісе қояры белгісіз. Бірақ, олардың ұлты қазақ емес екені айдан анық. Ал бұл бастама жүзеге аса қалған жағдайда ұлыс сөзін қолданған жөн болар. Сол сияқты «қазақ» сөзінің орнына көңілге қонымды балама табылып жатса тіптен құба-құп! Өйткені бізге іште татулықтың, сыртта беделіміздің нығая түскені керек-ақ.

Объявление о проведении закупки «Услуги по комплексному обследованию и оценке коррозийного состояния объектов МГ «Казахстан-Китай»» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» (www.agp.com.kz) объявляет о проведении открытого тендера по закупке «Услуги по комплексному обследованию и оценке коррозийного состояния объектов МГ «Казахстан-Китай»».

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 15:00 часов 31 мая 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 16:30 часов 31 мая 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

Ашық тендер амалымен «Қазақстан-Қытай» МГ объектілерінің коррозиялық жай-күйін кешенді тексеру және бағалау жөніндегі қызметтер» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС (www.agp.com.kz) «ГПЭС және АДЭС-на техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл 31 мамыр, сағ. 15:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 31 мамыр, сағ. 16:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ 100% (жүз пайыз) жай акцияларын сату бойынша **2023 жылы «30» мамырдағы (Астана уақыты бойынша) сағат 12:00-де** www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында (бұдан әрі-Веб-портал) басталатын электрондық конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Сату Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 15 қазандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін сату, қайта құрылымдау Ережесіне (бұдан әрі – Ереже) және «Ақпараттық-тіркеу орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы № 66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда-саттықты жүргізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Электрондық конкурсқа шығарылады:

Активтің атауы: «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ (бұдан әрі – Актив және Қоғам) 100% (жүз пайыз) жай акцияларын.

Активтің меншік иесі: «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Қоғамның қызмет түрі:

– әскери жауынгерлік автокөлік құралдарын жасау;

– арнайы мақсаттағы басқа машиналар жасау;

– автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

– арнайы мақсаттағы басқа да машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

– өнеркәсіптік газды өндіру;

– қару-жарақ және оқ-дәрілер өндірісі;

– оқ-дәрімен атылатын және артиллериялық қаруды жөндеу.

Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Каменный карьер көшесі, 2/63.

Активтің бастапқы бағасы: 288 415 675 (екі жүз сексен сегіз миллион төрт жүз он бес мың алты жүз жетпіс бес) теңге.

Активті сатудың ерекше шарттары:

1) «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ қызметінің бейінін (мамандануын) сақтау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ қызметкерлерінің барлық;

3) «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ-да жаңа жұмыс орындарын сақтау немесе жаңаларын құру;

4) Активті сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 6 (алты) ай ішінде «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ-ның негізгі қарызын, негізгі қарыз бойынша сыйақы, айыппұл (өсімпұл, тұрақсыздық айыбы), дивидендтерді, басқа берешекті төлеу бойынша Компания алдында кредиторлық берешегін өтеу штат санын сақтау;

5) сатып алушыға меншік құқығы өткеннен кейін күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде мәмілелер жасауға (қайта сатуға, кепілге, басқаруға беруге және басқаларға) шектеу және (немесе) Активке қатысты белгілі бір іс-әрекеттерге тыйым салу.

Активтің акциялар пакетін сатып алу-сату Шартын жасасқан күннен бастап 6 (алты) күнтізбелік ай ішінде ұзартуға жол беріледі. Бастапқы жарнаның мөлшері активті сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде төленетін сатып алу бағасының 30%-ынан (отыз пайызынан) кем емес. Одан кейінгі сомаларды енгізу кезінде, әлі енгізілмеген сомаларға сатушы (Компания) пайыздарды нақты төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасын негізге ала отырып есептейді.

Егер Веб-порталда Активті өткізу жөніндегі электрондық конкурс өткізілді деп танылса, онда сатушы (Компания) мен Сатып алушы (Активті өткізу жөніндегі электрондық конкурстың жеңімпазы) арасындағы электрондық сауда-саттық нәтижелерінің хаттамасында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей сатушы (Компания) Веб-порталда орналастырған «ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» акционерлік қоғамының жай акцияларын сатып алу-сату шарты жасалады қоса берілген Активтің сатып алу бағасын төлеу кестесімен және Қоғамның Компания алдындағы кредиторлық берешегін өтеу кестесімен.

Электрондық конкурсқа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен жүргізіледі және электрондық конкурс басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Электрондық конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында таныса аласыз www.gosreestr.kz.

Қоғам туралы қосымша ақпаратпен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (Сатушы) мекенжайына электрондық мекенжайларға ресми сұрау салу арқылы танысуға болады: ke@ke.kz, dkr@ke.kz. Сұрау салу электрондық конкурстың өтінімдерін қабылдау мерзімі кезеңінде қабылданады. Ақпарат құпиялылық туралы келісімге қол қою шартымен беріледі.

43 262 352 (қырық үш миллион екі жүз алпыс екі мың үш жүз елу екі) теңге мөлшерінде кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ есеп-шотына енгізіледі: **БСН: 050540004455, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ946017111000000330, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.** Төлем мақсаты: **электрондық конкурсқа қатысуға арналған кепілдік жарна** (кепілдік жарна мөлшеріне банктік қызметтерді төлеу кірмейді). Банк кепілдігі кепілдік ретінде қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық – есептеу орталығы» АҚ шотына уақтылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Егер электрондық конкурс жеңімпазы сауда-саттық нәтижесі туралы хаттамаға қол қоймаса, сатушы кепілдік жарнасын қайтармайды.

Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама – электрондық конкурс нәтижелерін белгілейтін және жеңімпаздың және сатушының Активі сатуға арналған келісімшартқа қол қою туралы міндеттемелерін орындауы жөніндегі құжат.

Электрондық конкурс өткізу тәртібі, электрондық конкурсқа қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, жеңімпазды анықтау шарттары туралы ережелермен «Ақпараттық-есептеу алу орталығы» АҚ-ның көпшілікке қолжетімді www.gosreestr.kz сайтында жарияланған Регламентпен танысуға болады.

Сауда-саттық туралы толық ақпаратты www.gosreestr.kz сайтынан немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) және +7 (7172) 72 52 52 (ішкі 1957, 1610) («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) алуға болады.

Объявление о проведении закупки услуг «Охрана объектов» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Охрана объектов».

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:30 часов 31 мая 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 30 минут 31 мая 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Ашық тендер амалымен «Объектілерді күзету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Объектілерді күзету» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 31 мамыр, сағ. 10:30-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 31 мамыр, сағ. 12:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

Объявление о проведении закупки услуг «Охрана офиса» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Охрана офиса».

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 15:00 часов 31 мая 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 16 часов 00 минут 31 мая 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Ашық тендер амалымен «Кеңсе күзету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Кеңсе күзету» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 31 мамыр, сағ. 15:00-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 31 мамыр, сағ. 16:00-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

Объявление о проведении закупки услуг «Обслуживание профессиональными аварийно - спасательными службами» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Обслуживание профессиональными аварийно - спасательными службами».

Перечень предоставляемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности/копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 31 мая 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 31 мая 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

Ашық тендер амалымен «Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл 31 мамыр, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 31 мамыр, сағ. 11:00-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении закупки услуг «Охрана объектов от пожаров» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Охрана объектов от пожаров».

Перечень предоставляемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности/копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 31 мая 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов 31 мая 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

Ашық тендер амалымен «Нысандарды өрттен қорғау» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Нысандарды өрттен қорғау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл 31 мамыр, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 31 мамыр, сағ. 11:30 -да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении закупки услуг «Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО "Азиатский Газопровод"» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО "Азиатский Газопровод"».

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 31 мая 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов 00 минут 31 мая 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Ашық тендер амалымен «Вахталық кенттердің асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарындағы әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметін көрсету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Вахталық кенттердің асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарындағы әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметін көрсету» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 31 мамырда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 31 мамырда, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Бүгінде әлеуметтік желілерде қалада адасып кеткен қарт кісілер туралы хабарландыруларды жиі көзіміз шалып жатады. Автобусқа мініп, басқа бағытқа кетіп қалған олардың бұл әрекетін көбіне қартаюдың белгілері шығар деп қабылдайтынымыз рас. Алайда бұл қауіпті дерт – деменцияның анық симптомы екенін біле жүргеніміз жөн. Деменция қалай басталады, қариялардың қандай қылықтарына сақ қарау керек, одан сақтанудың нендей жолдары бар – бұл туралы біз жиырма жылдық тәжірибесі бар невролог-дәрігер Зәуреш Ахметжановадан сұрадық.

Зәуреш АХМЕТЖАНОВА,
невролог-дәрігер:

ҰМЫТШАҚТЫҚ *қалыпты* ҚҰБЫЛЫС ЕМЕС

ТІСТІҢ САУЛЫҒЫ – МИДЫҢ САУЛЫҒЫ

– Зәуреш Бауыржанқызы, әуелі деменция мен Альцгеймер ауруларының бір-бірінен айырмашылығын айтып беріңізші. Көбіміз оларды шатастырып жатамыз...

– Деменция – бұл күрделі синдром. Ол әртүрлі ауру тудырған ми қызметіндегі ауыр бұзылыстардан пайда болады. Соның кесірінен есте сақтау, зейін қою, кеңістікте бағдарлану қабілеттері бұзылады, өз басын өзі алып жүру дағдылары жоғалады, аланғасар бола бастайды. Альцгеймер ауруы соның ішіне кіріп кетеді, яғни бұл – деменцияны өршітетін неврологиялық дерт. Деменцияның 70 пайызында адамдар осы Альцгеймерге шалдығады. Екеуінің аты қатар аталатыны да сондықтан.

– Бұл аурулар неден пайда болады? Тұқым қуалай ма? Ондай науқастардың миында қандай өзгерістер басталады?

– Иә, генетикалық бейімділік үлкен рөлге ие: яғни егер туыстарыңыздың бірі Альцгеймермен ауыратын болса, демек сізде осы ауруға шалдығу ықтималдығы жоғары. Деменцияға әкеліп соғатын бірқатар ауру бар: мысалы, олардың арасында ең жиі кездесетіні – артериялық гипертония, яғни жоғары қан қысымы, қант диабеті, семіздік және гиперхолестеринемия, яғни қан құрамында холестериннің жоғары болуы. Сондай-ақ ішімдікке тәуелді кісілерде де деменцияның басталу қаупі көп. Басынан қатты жарақат алған адамдардың да қартайғанда деменцияға шалдығу ықтималдығы жоғары келеді.

Ал деменция кезінде мидағы өзгерістерге келсек, ми тіндерінің дегенерациясы болады. Оның ішінде жүйке жасушалары өледі, нейрондар арасында бета-амилоид деп аталатын патологиялық ақуыз жинала бастайды, осыдан мида қабыну процесі басталады. Әлгі бета-амилоидтар кесірінен нейрондар арасындағы байланыс бұзылып, адамның есте сақтау, ойлау қабілеттері төмендейді.

Енді мына қызықты қараңыз: тіс аурулары жоғарыда біз айтқан нейроқабыну процесінің басталуына ықпал ете алады, өйткені ол ағзада жүйелік қабынуды тудырады. Бұл – өз кезегінде когнитивті функциялардың нашарлауына әкеліп соғатын фактор. Сондықтан тістің саулығы – егде жастағы мидың саулығы. Өкінішке қарай, ата-әжелердің көбі тіс саулығына онша мән бермейді, жас кезінен бастап тісжегі, периодонтит, парадонтозбен күреспейді, ал мұның бәрі – қабыну.

САУ АДАМНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫ АЗАЙМАЙДЫ

– Альцгеймердің алғашқы белгілері қандай? Көп адам байқап, бірақ көз жұмып қарайтын қандай симптомдардан қорқу керек? Оған шалдыққан адам не сезінеді? Оқырманға түсінікті болу үшін қарапайым мысалдармен сипаттап беріңізші...

– Деменцияның белгілеріне қарай, ауруды алты кезеңге бөлеміз. Бірінші кезеңде ауру белгілері білінбейді, оны тек арнайы тест арқылы анықтауға болады. Екінші кезеңде есте сақтау қабілеті бұзылып, адамға бағдар (ориентация) жасау қиын болуы мүмкін. Бірінші кезең мен екінші кезең арасындағы уақыт 7 жылға созылуы мүмкін. Үшінші кезеңде Альцгеймер ауруын нақты анықтауға болады. Бұл кезеңде адам күнделікті қозғалыс үшін біреудің көмегін қажет етеді. Төртінші кезеңде науқастың жалғыз жүруі қауіпті, адасып кетуі мүмкін, сондықтан оны назардан тыс қалдырмау керек. Бұл кезең 1 жарым жылға созылады. Бесінші кезеңде есте сақтау қабілетінен айырылып, жақындары мен өткенін ұмытады. Біреудің көмегімен ғана тамақтанып, жуына алатын болады. Алтыншы кезеңде науқас мүлдем ештеңе түсінбейді, қайда жүргенін білмей, қауқарсыз болып қалады.

Бастапқы кезеңдерде науқастың ұмытшақ болып кеткенін байқаймыз. Мысалы, көзілдірігі басында болып, бірақ үйдің бәрін қопарып, көзілдірігін іздейді. Тағы бір назар аударарлық мәселе – балаларының, немерелерінің атын ұмытып қалатынды шығарады, сөздік қоры азаяды, «тілімнің ұшында тұр, қалай еді әлгі» деп кейбір сөздерді есіне түсіре алмайды. Өкінішке қарай, көп адам бұған мән бермей, қарт адамдар үшін қалыпты нәрсе шығар деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Сөздік қор жас қосқан сайын азаймауы керек. Біз өмір бойы тәжірибе аламыз, сау адамда сөздік қор азаймайды, керісінше арта түседі. Сондықтан қарт жақыныңызда осы белгілерді байқай сала, дереу дәрігерге апарыңыз. Ол бәлкім деменция болып шықпаса да, басқа бір дерттің белгісі болуы мүмкін: қандай жағдайда да, сөзді ұмытып қалу – дабыл қағуға тұрарлық проблема.

Өз тәжірибемнен бір мысал айтайын. Бірде алдыма аптығып бір кісі келді. «Күнде қолданып жүрген Kaspi қосымшасын бір демде қалай пайдалануды ұмытып қалдым. Содан өзім де қорқып кеттім» дейді. Басқа қандай да бір шағымдары бар-жоғын сұрап едім, бастапқыда басын шайқады. Соңғы 1-2 жылда отбасында қандай өзгерістер болғанын тәптіштеп сұрап едім, сонда ғана кейбір жайттарды есіне түсіре бастады: сөйтсе дайындаған тамағына қатысты соңғы екі жылда күйеуі мен баласы үнемі ескерту айтып келген екен, біресе тамағының тұзы жоқ, біресе тұзы көп, біресе дәмсіз, біресе күйіп кетеді. Осыдан-ақ адамда аланғасарлық пайда болғанын, күнделікті істеп жүрген іс-әрекетінен жаңыла бастағанын байқауға болады.

Альцгеймерге шалдыққан науқастардың көбі далаға, көшеге шығуға қорқады, жолды шатастырып алып, адасып кетемін дейді. Себебі миындағы кеңістікті бағдарлау дұрыс жұмыс істеп жатқан жоқ, нейрондардың арасындағы байланыс бұзылғандықтан, атрофиялық процестер басталды.

Тағы бір белгі – науқас біртебірте жеке гигиенасына көңіл бөлуді қояды, жуынбайды. Альцгеймерге шалдыққан жалғызбасты қарттардың үйіне барғанда, есіктен кіре сала жағымсыз иісті байқайсың. Сосын олар үйіне қоқыс жинайды. Олардан «босаған құтыларды, қалбырларды не істейсің?» деп сұрасаң, «маған керек» деп жауап береді. Одан бөлек, «Альцгеймерлік таңғалу» деген де белгі бар, науқастарға не айтсаң да таңғала береді.

– Бағана сіз деменцияның алғашқы белгілерін тест арқылы анықтауға болады дедіңіз. Ол қандай тест?

– MOCA тест – деменцияны анықтаудың ең қарапайым жолы. Онда сандарды ретімен орналастыру, тізбектерді қосу, қарапайым арифметикалық амалдарды орындау, әртүрлі фигураның суретін салу, берілген уақытты сағат түрінде суретін салу деген секілді тапсырмалар беріледі. Деменцияға шалдыққан кісілер сол қарапайым тапсырмаларды орындай алмайды. Бірде алдыма бір келіншек өз анасын алып келді. 1, 2 , 3 деген секілді цифрлар мен әріптерді алфавит бойынша қосып шыға алмады. Былай қарасаң, балалардың ойыны сияқты, бірақ соны орындап шығуға 5 минут ойланды, ақыры дұрыс жасай алмады. «Оннан он минут кетті» дегенді сағат түрінде салып шығыңызшы деп едім, оған он минут ойланды. Терледі. Ақыры ашуланып, «мен істемеймін» деп қаламды тастай салды. Адам өз басында қандай да бір өзгерістер болып жатқанын түсінген кезде осылай ашуланады, оны мойындау оңай емес. Тағы бірде үстіне әдемі костюм-шалбар киген 72 жастағы қария келді алдыма, жас кезінде үлкен лауазымда болған адам екен. Сөз арасында «100-ден 7-ні алыңызшы» деп едім, жата қап ашуланды. «Қызым, не сұрап тұрғаныңды білесің бе, мен директор болған адаммын, балаға қоятын мынадай сұрақ қойғаның ұят емес пе?!» деді. Екінші рет сұрағанымда, тағы ашуланды. Бірақ жауап бермеді. «2+2 қанша болады?» дегенде, оны да айта алмады. Деменция кезінде адамда осындай когнитивті қабілеттер бұзылады.



> *Бастапқы кезеңдерде науқастың ұмытшақ болып кеткенін байқаймыз. Мысалы, көзілдірігі басында болып, бірақ үйдің бәрін қопарып, көзілдірігін іздейді. Тағы бір назар аударарлық мәселе – балаларының, немерелерінің атын ұмытып қалатынды шығарады, сөздік қоры азаяды, «тілімнің ұшында тұр, қалай еді әлгі» деп кейбір сөздерді есіне түсіре алмайды. Өкінішке қарай, көп адам бұған мән бермей, қарт адамдар үшін қалыпты нәрсе шығар деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Сөздік қор жас қосқан сайын азаймауы керек. Біз өмір бойы тәжірибе аламыз, сау адамда сөздік қор азаймайды, керісінше арта түседі.*

ТОҚСАНДАҒЫ ӘЖЕЙ ӨЗІН СТУДЕНТ САНАЙТЫН

– Қартайған шақта деменцияға шалдыққан адамға жаңа жерге көшу, өмір салтының өзгеруі бұл ауруларды тереңдетіп жібереді деген рас па?

– Иә, жаңа жерге көшу қауіпті. Өйткені олар ұзақ уақыт бойы бір жерде өмір сүрсе, ненің қайда екенін жақсырақ біледі. Ал жаңа жерге келгенде, не істерін білмей, бойын үрей мен қорқыныш билейді.

– Деменцияға шалдыққан науқастарға жақындары қалай көмектесе алады?

– Адам қартайғанда, жаңағыдай белгілер байқала бастаса, қасындағы жақындары соған мән беруі керек. Бұл жерде мынаны түсіну керек: деменция да, Альцгеймер де емделмейді. Әлемде оны толық емдеп шығаратын дәрі жоқ. Бірақ медициналық тәжірибеде осы ауруды дәл сол қалпында ұстап тұруға және оның симптомдарын жеңілдетуге көмектесе алатын екі фармацевтикалық препарат бар, біз соларды қолданамыз. Дегенмен медицина бір орында тұрған жоқ, бүгінде ғалымдар бұл аурудың емін іздестіріп жатыр, шамамен 20-30 жылда жаңа препараттар да әзірленуі мүмкін. Сондықтан дәрігерге неғұрлым ерте келсе, соғұрлым аурудың да дендеп кетуін тоқтатуға болады. Ата-әжеңіз бүгін немерелерінің атын шатастырып жатса, ертең ешкімді танымай қалуы мүмкін. Менің бір пациентім болды, жасы тоқсандағы әжей еді, қазір бақилық болып кетті. Сол кісінің балалары алып келді. Әлгі әжей өзін 18-19 жастағы студент қыз деп ойлайтын. Менің қабылдауыма келгенде: «Доктор, мен неге мұнда келдім? Қазір институтқа кешігемін, сабағым бар ғой. Мыналар кімдер, олар неге қасымнан қалмайды, неге үнемі қолымнан ұстап жүреді?» деп сұрай беретін.

Деменцияға шалдыққан кісілерді жалғыз қалдыруға мүлдем болмайды. Олар үйде газды, суды ұмытып, ашық қалдырып кетуі мүмкін. Терезені ашып, оны есік деп ойлап, түсіп кетуі мүмкін. Ондай кісілер кейде ойынқұмарлыққа жақын болады, алаяқтардың арбауына тез түсіп қалады, ақшасын қайда бергенін білмейді. Дүкенге барғанда, кейбір сатушылар оларды алдап, ақшасын дұрыс қайтармай жіберуі мүмкін. Сондықтан олардың жақындарына берер бір кеңесім, әлгі кісілердің әрекетке қабілетсіздігі туралы анықтама алып алған жөн. Тағы бір айта кетерлігі, деменцияға шалдыққан кісілердің қимыл-қозғалысы нашарлап, кейде сүрініп, құлап қалуы мүмкін. Ондайда жақын адамы дереу көмекке келуі тиіс. Сол себепті осындай науқас адам бар үйде камера орнатып қойған, әлгі кісілердің қолына смарт-сағат тағып берген дұрыс. Ойда-жоқта құлап қалған жағдайда әлгі сағат дереу дабыл қағып, туысына белгі береді.

– Бүгінде, әсіресе жастар арасында үрейге бой алдырушылық, күйзеліс, депрессия жиі байқалатын болды. Бұл болашақта олардың қарттық шағында қандай зиян келтіруі мүмкін?

– Біз университетте оқып жүргенде профессорларымыз: «егер жас кездерінде депрессияға бой алдырсаңдар, қартайғанда Альцгеймерге немесе Паркинсонға шалдығасыңдар» деп айтатын. Неге? Өйткені депрессияға, күйзеліске ұшыраған адамның миында өзгерістер болады: кортизол деген стресс гормон көбейіп кеткенде, оның нейротоксиндік қасиеті себебінен мидың нейрон жасушалары зақымдалады. Сондай-ақ депрессия кезінде дофамин деген нейромедиатор (мұны ләззат алу гормоны деп те атайды) қатты азайып кетеді. Дофаминнің жетіспеушілігі қартайғанда Альцгеймерге немесе Паркинсонға әкеледі. Сондықтан жастарға негативті ойлаудың, көңілсіз жүрудің зиян екенін үнемі айтамын.

– Миымызды қарттыққа дейін дұрыс сақтау үшін күнделікті зиянды әдеттеріміздің ішінде, әсіресе қайсысы ерекше қауіпті? Ал қандай әдеттеріміздің, керісінше, жетілдіре түсу керек?

– Халықаралық сарапшылардың айтуынша, Альцгеймер ауруы әлем бойынша жылдан жылға көбейе береді, азаймайды. Өйткені оны тудыратын фактор көп. Қазір адамдар темекіні көп шегеді, ішімдікті көп ішеді, дұрыс тамақтанбайды, семіздік көп, қант диабеті, жоғары қан қысымы да жиі ұшырасатын болған. Сондықтан ғалымдардың болжамынша, Альцгеймер де, деменция да «жасара» береді. Әлемде 55 млн адам осы дертке шалдыққан, қазіргі қарқынмен 2050 жылы олардың саны 75 млн-ға жетуі мүмкін. Сондықтан олардың алдын алатын әрекеттерді осы бастан жасаған жөн. Бірінші кезекте физикалық белсенділікті көбейту керек. Міндетті түрде жаяу жүру керек, бір тәулікте кемінде 10 мың қадам жасауға кеңес беремін. Йогаға, фитнеске немесе жүзуге – жаныңыз қалаған спортқа жазылыңыз. Екіншіден, дұрыс тамақтануға көңіл бөлуіміз тиіс. Тұзды, қуырылған тамақты тоқтату керек. Біз, қазақтар, осы екеуін де жақсы көреміз. Диетаны сақтау қажет. Диета дегеніміз – аш жүру емес, дұрыс тамақтану. Тағы бір мәселе – ұйқыны реттеу. Қазір жастар түнгі 2-3-4-те ұйықтайды. Себебін сұрасаң, телефон қарадым дейді. Біз уақытылы демалмасақ, мидағы утилизацияға кетуі керек қажетсіз заттар жинала береді, ми қалыпқа келмейді. Ми қалыпқа келуі үшін 7-8 сағаттық ұйқы өте маңызды. Ұйқы одан аз болған кезде ми демалмайды да, ертесіне басымыз ауырады, бойкүйез, енжар болып жүреміз, мұның бәрі мидың жұмысына зиян. Міне, осы үшеуін – қозғалыс, тамақ және ұйқыны дұрыстасақ, көп аурудың алдын аламыз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

ЧЕМПИОНДАР елге оралды

Кеше Астанада Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайына Қазақстан ұлттық құрамасының боксшылары Өзбекстаннан ұшып келді. Әлем біріншілігінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, БАҚ өкілдері және жанкүйерлері ыстық ықыласпен қарсы алды.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

Елге оралған алғашқы топта Ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов, әлем чемпиондары – Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымбергенов пен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дулат Бекбауов болды. Жеңімпаздардың келесі легі Санжар Тәшкенбай мен Нұрбек Оралбай екі сағаттан кейін елордаға жетті.

Еске сала кетсек, Өзбекстан астанасы Ташкентте өткен бокстан ерлер арасындағы XXII әлем чемпионатында ұлттық құрамамыз 4 алтын мен бір күміс медаль жеңіп алған еді.

Спортшыларды қарсы алған Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов министрлік тарапынан әлем чемпиондарының әрқайсысына 15 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы берілетінін атап өтті. Сондай-ақ әр бапкерге де осындай сома қарастырылған.

– Аталмыш сыйақы – Үкімет тарапынан көрсетілетін қолдау. Бокс федерациясы тарапынан 100 мың доллар беріледі, AIBA тарапынан 200 мың доллар беріледі. Ол да жақсы қолдау, ынталандыру.

Біздің батырларымыз кәсіпқой бокста жеңіске жетіп жатыр. Бейресмилеп айтсақ, Қазақстанда «Бокс күні» болды. Осы жылдың күзінде Азия чемпионаты өтеді. Келесі жылы үлкен сынақ жылы екенін мойындауымыз керек. Парижде Олимпиада ойындары өтеді. Біз соған дайындық жұмысын қолға алдық. Министрлік саясатына сәйкес, отандық спортқа көңіл бөлініп жатыр. Күні кеше ғана қазақ спортшылары үлкен жеңіске қол жеткізіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Біз халық болып оларға қолдау көрсетейік, – деді Асхат Оралов.

Ал Ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов бірінші тәртіпті қолға алғанын жеткізді.

«Сонан соң құраманың жылдық күнтізбесін дұрыс әзірлеуге мән бердім. Өйткені оқу-жаттығу жиындары дұрыс өткізілуі тиіс. Одан бөлек, ғылыми топты қайтадан жандандырдық», – деді бас бапкер.

Мырзағали Айтжанов жарыстарға, оқу-жаттығу жиындарына қажеттінің бәрін қамтамасыз етіп келген министрлік пен федерация басшылығына алғыс айтты. Жаттықтырушы кейбір салмақтарда боксшыны таңдау өте қиын болғанын жеткізді.

«Әр салмақта мықты деген 2-3 боксшыны іріктеп, оларды жарыстарға жібердік. Одан бөлек оқу-жаттығу жиынында қарадық. Арасында іріктеу-спарингтері болды», – деді ол.

Бапкер 48 келі салмақта Қазақстан қоржынына алғашқы алтынды салған Санжар Тәшкенбайдың қалай таңдалғанын айта кетті. Ол грузиялық Сахил Алахвердобиді айқын басымдықпен жеңді.

– Осы салмақтағы Теміртас Жүсіпов 2021 жылы Сербияда өткен біріншілікте әлем чемпионы атанды. Жіберген жарыстардың бәрін ұтып келді. Алайда соған қарамастан, таңдауымыз жас боксшыға (Санжар Тәшкенбай – авт.) түсті. Бір жағынан тәуекел де бар. Оған сенім арттық. Өзін рингте ұстауы, мәнері әлем чемпионы Данияр Елеусіновке ұқсайды. Намысты, жеңілгенді жек көретін боксшылардың бірі», – деді Мырзағали Айтжанов ол туралы.



Әлем біріншілігінде 71 келіге дейінгі салмақта екі мәрте құрлық чемпионы, өзбекстандық Саиджамшид Джафаровтан басым түскен Асланбек Шымбергенов жарыс өте жоғары деңгейде өтті деп бағалады.

«Бар күшімізді салып, бірінші орын алдық. Қазақ елі қуанды деп ойлаймын, өзім де қатты қуанып тұрмын. Бұл әлем чемпионаты қатысушылар саны ең көп тіркелген сайыс болып саналады. Әр кездесудің өзіндік қиыншылығы бар. Мен үшін финалдық жекпе-жек күрделі болды», – деді әлем чемпионы.

Еске келе кетсек, бокстан әлем додасында Махмұд Сабырхан 54 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Ойбек Джураевпен қолғап түйістірді. Боксшымыз қарсыласын екі рет нокдаунға жіберіп, айқын басымдықпен ұтты. Ал біріншілікте Дулат Бекбауов күміс жүлдегер атанды. Жерлесіміз 67 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Асадхуджа Муйдинхуджиевпен қолғап түйістірді. Боксшы Нұрбек Оралбай 80 келіге дейінгі салмақта финалда қытайлық қандасымыз Тоқтарбек Таңатханмен рингте кездесіп, басым түсті.

ТАЛАНТТАРДЫ ТАНЫТТЫ

B-FEST таланттар фестивалі мәресіне жетті. Сайысқа бес бағыт бойынша BINOM мектептерінен 15 мыңға жуық оқушы қатысып, бақ сынады. Үздік атанғандар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ауыспалы кубокті Қаныш Сәтбаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі иеленді. Іс-шара аясында көрме ұйымдастырылып, оқушылардың қолынан әзірленген туындылар сатылымға қойылды. Одан түскен табыс көмекке мұқтаж жанның еміне жұмсалмақ. Айта кетейік, мұндай фестиваль елімізде бірінші рет өткізіліп отыр. Алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасын таппақ.

«Жоғарғы буын санаты бойынша бағымды сынадым. Оған 12 қатысушы қатысты. 6 үздік оқушы номинация иегері атанды. Мен «Әлемді жарқырат» дизайн жобасының жеңімпазы атандым», – деді қатысушы Мейірлан Төлеуіш.

Айта кету керек, фестиваль бес бағыт бойынша өтті. B-DREAM PROJECT шеңберінде ғылыми-практикалық көрмелер ұйымдастырылып, жоба аясында мектеп оқушылары жаратылыстану ғылымдары, IT саласы, экономика және басқа да салалармен байланысты ғылыми жобалар қорғалды. B-ART аясында үздік мюзиклдер қойылып, бейнелеу өнеріндегі ең мықтылар анықталды. B-SPORT бағытында тоғызқұмалақ, футбол, баскетбол, волейбол жарыстарынан мықтылар алға суырылып шықты. B-Social аясында оқушылар бейнероликтер арқылы өз мектептерінің әлеуметтік жобалары мен еріктілер қозғалысын таныстырды. B-Bookman жылдам оқу, функционалды оқу, шешендік өнер және актерлік өнерді қамтыды.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ФЕСТИВАЛЬ

Елордада тұңғыш рет өткізілген Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde–2023» I қалалық робототехника фестивалінің жеңімпаздары анықталды.

Шараны Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, №9 «Зерде» мамандандырылған мектебі, «Роботек» робототехника мектебі және Әлихан Мақсұт атындағы дарынды балаларды қолдау қоры бірлесіп ұйымдастырды.

Фестивальдың ашылу және жабылу салтанатына Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Астана қаласы әкімдігі Білім басқармасының басшысы, ғалымдар, қоғам қайраткерлері қатысты. Фестивальдың басты мақсаты – өмірден ерте озған дарынды оқушы, физика, робототехника салалары бойынша республикалық, халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардың бірнеше дүркін жеңімпазы, жас ақын Әлихан Серікзатұлының ғибратты ғұмырын мектеп оқушыларына үлгі ете отырып, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауларында айтылған елімізге қажетті болашақ техник мамандарды дайындауға қолдау көрсету, оқушылардың жасаған инновациялық жобаларын, өнертабыстарын БАҚ және әлеуметтік желі арқылы халыққа кеңінен насихаттау.

Фестиваль белгілі кинорежиссер Мұрат Есжан түсірген «Әлиханның арманы» деректі фильмінің тұсаукесерімен ашылды. Шараның «РобоСпорт» бағыты ЕҰУ University sports centre спорттық-сауықтыру кешенінде, «Шығармашылық жоба» бағыты «Күлтегін» атриумында өтті. Әрбір оқушы робототехника саласында жаңа белестерге жетіп, осы салада өзін көрсете алатын зор мүмкіндік алды.

– Аққан судай, соққан желдей заулап Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde–2023» I қалалық робототехника фестивалі де өтті. 40 мектептен 150-ге жуық талантты оқушы қатысты. Алла қаласа, бұл жарыс келесі жылдан бастап республикалық деңгейде дәстүрлі түрде өтетін болады. Ұрпақтың қамын бірге ойлап, елімізді бірге дамытайық. Қазақстанымыз ғылым мен технологиясы қарыштап дамыған әлемдегі ең өркениетті елге айналғанын көру баршамызға нәсіп болсын, – дейді Серікзат Дүйсенғазы.

К.ЕСІМ

NUR MEDIA
медиахолдингі
AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4301
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• **Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.**
• **Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.**
• **Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
• **«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.**

Кезекші редактор –
Айдана НҰРМҰХАН